1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер

1.1. Осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарттың (бұдан әрі – Стандарт) мақсаттары:

1) зиянды және/немесе қауіпті өндірістік факторлардың әсеріне байланысты тәуекелдерді азайту үшін ЖҚҚ-ның ең аз талаптарын белгілеу;

2) ЖҚҚ-ның ҚМГ компаниялары тобының барлық деңгейлерінде өндірістік талаптарға, стандарттарға, санитариялық-гигиеналық нормалары мен өндірістік эстетика талаптарына сәйкес келуін айқындау;

3) ЖҚҚ кигенде ыңғайлылықты арттыру және ҚМГ компаниялары тобының барлық деңгейлерінде ЖҚҚ-ны бірыңғай корпоративтік стильге келтіру;

4) қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсартуды ойлайтын әлеуметтік-жауапты компания ретінде ҚМГ-нің имиджін арттыру болып табылады.

1.2. Осы Стандарт ҚМГ компаниялары тобының қызметкерлерін ЖҚҚ-мен қамтамасыз етуге қойылатын ең аз корпоративтік талаптарды белгілейді.

1.3. ҚМГ компаниялары тобының қызметкерлері жұмыс берушінің қаражаты есебінен міндетті тәртіппен ЖҚҚ-мен қамтамасыз етіледі. ЖҚҚ конструкциясын өзгертуге және қызметкерлерді өндірістік жұмыстарды ЖҚҚ-сыз орындауға жіберуге, сондай-ақ бұзылған, жөнделмеген және ластанған ЖҚҚ қолдануға тыйым салынады.

1.4. ЖҚҚ беру нормалары ұйымның ішкі бекітілген құжаттарымен белгіленеді. Функционалдық міндеттеріне ҚМГ компаниялары тобының өндірістік объектілеріне бару кіретін ҚМГ корпоративтік орталығының қызметкерлері жазғы және қысқы арнайы киім жинақтарымен қамтамасыз етіледі.

1.5. ЖҚҚ беру нормаларында көзделген ЖҚҚ зиянды және қауіпті өндірістік факторлардан қажетті қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

1.6. Апаттардың, апат жағдайының салдарын жоюға байланысты біржолғы жұмыстарға тартылатын қызметкерлер, орындалатын жұмыстардың сипаты мен шарттарына сәйкес, қажетті ЖҚҚ-мен қамтамасыз етілуі тиіс.

1.7. Өндірістік объектілерге барған кезде, келушілер міндетті түрде ұйымнан кезекші ЖҚҚ-мен қамтамасыз етіледі, бұл ретте, аталған адамдарға ҚМГ компаниялары тобының объектілерінде ЖҚҚ-сыз болуға тыйым салынады.

2. Қолдану аясы

2.1. Осы Стандарт ҚМГ компаниялары тобының барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті.

2.2. ҚМГ компаниялары тобының Стандартты қолдануы белгіленген тәртіппен осы секілді Стандарттарды әзірлеу және бекіту немесе ұйымның ішкі құжаттарын осы Стандартқа сәйкес келтіру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте, осы Стандартпен ұйымның осы секілді стандарттарында және ішкі құжаттарында көзделген талаптар төмендетілмеуі тиіс.

3. Айқындамалар мен қысқартулар

3.1. Осы Стандартта келесі айқындамалар мен қысқартулар қолданылады:

ҚМГ-нің еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚОҚ) блогы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету бойынша жауапты құрылымдық бөлімше мен бизнес-процесс иесі;

Зиянды өндірістік фактор – қызметкерге тиген әсері оның ауруына немесе еңбекке жарамдылығының азаюына және/немесе оның ұрпағының денсаулығына теріс әсердің тиюіне әкеп соға алатын фактор;

ҚМГ компанияларының тобы – ҚМГ мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ге меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ қызметін ҚМГ бақылауға құқылы заңды тұлғалар;

Кезекші ЖҚҚ – олар арналған жұмыстарды орындау уақытына қызметкерлерге берілетін кезекші жеке қорғау құралдары (қорғайтын көзілдіріктер, диэлектрлі галоштар мен биялайлар, диэлектрлі резеңке кілемше және басқалары;

ЕТҰ – ҚМГ-нің еншілес ұйымдары мен тәуелді қоғамдары, оның ішінде бірлесіп бақыланатын ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындары;

Кодекс – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

ҚМГ – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

Арнайы киім, арнайы аяқ киім мен басқа да ЖҚҚ беру нормалары пайдалану мерзімі көрсетілген, қызметкердің жұмыстарды орындау

уақытындағы қауіпсіз қызметін қамтамасыз етуге қажетті ЖҚҚ заттарының жиынтығы. ЖҚҚ беру нормалары өндірістің түріне, жұмыстардың түріне, қызметкердің лауазымына (кәсібіне), еңбек жағдайына байланысты болады. ЖҚҚ қызметінің мерзімі ол қызметкерге іс жүзінде берілген күннен бастап есептеледі. Қысқы ЖҚҚ қызметінің мерзіміне оларды жылдың жылы уақытында сақтау мерзімін қамтиды;

Объект – ҚМГ/ЕТҰ өндірістік қызметінде пайдаланылатын және олардың аумақтарында (келісімшарттық аумақтарында) орналасқан ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар, технологиялық жабдық пен өндірістік құрылғылар;

Қауіпті өндірістік фактор – қызметкерге тигізетін әсері оның жұмысқа қабілеттілігінің уақытша немесе тұрақты жоғалуына (өндірістік жарақатқа немесе кәсіби ауруға) немесе өлімге әкеп соға алатын өндірістік фактор;

Өндірістік құрылымдық бөлімше (ҚБ) – ЕТҰ-ның құрылымдық бөлімшесі (цехы, учаскесі) туралы ережеде белгіленген дербес функциялары, міндеттері мен өз құзыретінің шегіндегі жауапкершілігі бар ЕТҰ-ның құрылымдық бөлімшесі;

Қызметкер – жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және жұмысты еңбек шарты бойынша тікелей орындайтын қызметкер/жеке тұлға;

Жұмыс орны – қызметкер еңбек қызметінің процесінде еңбек міндеттерін орындаған кезде оның тұрақты немесе уақытша орналасқан жері;

ЖҚҚ-ның сәйкестік сертификаты – ұлттық стандарттардың, халықаралық және мемлекетаралық стандарттардың, ұйымдар стандарттарының, ерікті сертификаттау қағидалары мен жүйелері жиынының (оның ішінде өнім сапасы) талаптарына, сондай-ақ шарттардың талаптарына сәйкестілікті куәландыратын құжат;

Ұжымдық пайдаланудағы ЖҚҚ – сақтандырғыш белбеу, диэлектрлі галоштар (боттар), диэлектрлі биялайлар, қалқаншалар, сусіңірмейтін капюшоны бар плащтар мен басқалар;

Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) қызметі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметтің бағыты үшін жауапты ЕТҰ-ның құрылымдық бөлімшесі, ол болмаған жағдайда, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ЕТҰ құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіретін маман;

Материалдық-техникалық қамту қызметі (МТҚ) – материалдық-техникалық ресурстардың өндірісін қамтамасыз ететін ЕТҰ-ның құрылымдық бөлімшесі;

Жеке қорғау құралдары (ЖҚҚ) – Қызметкерлерді зиянды және/немесе қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға арналған жеке қорғау құралдары, оның ішінде арнайы киім, арнайы аяқ киім (киім, аяқ киім, бас киім, биялайлар мен басқалары).

3.2. Осы Стандартта келесі қысқартулар қолданылған:
ЕҚжЕҚ – еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау;
ИТҚ – инженерлік-техникалық қызметкерлер;
ҚСТ – қышқыл-сілтіге төзімділік;
МБТ – май-бензинге төзімділік;
МССҚ – май-сужұқтырмаушылық қасиеттер;
МТҚ –материалдық-техникалық қамту қызметі;
ТТШШ – тұтанудың төменгі шоғырландыру шегі;
НТҚ – нормативтік-техникалық құжаттама;
ӨҚ – өрт қауіпсіздігі;
ПВХ – поливинилхлорид;
ӨТБ – өндірістік-техникалық байланыс;
ПУ – полиуретан;
РҚБ – ЕТҰ құрылымдық бөлімшесінің басшысы;
ЖҚҚОД – тыныс органдарын жеке қорғау құралдары;
ЕҚТЖ – еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі;
ҚБ – ЕТҰ құрылымдық бөлімшесі;
ТҚ – техникалық қызмет көрсету;
ТПУ – термополиуретан;
ТЖ – төтенше жағдайлар;
SRC – сырғанауға қарсыласу деңгейі.

4. Жауапкершілік

4.1. ҚМГ **ЕҚОҚ блогы**:

1) ҚМГ компаниялары тобының қызметкерлерін ЖҚҚ қамтамасыз ету және Стандарттың талаптарын орындау процесін ұйымдастыруға әдістемелік жәрдемдесу;

2) Стандартты өзекті күйде сақтау үшін жауап береді.

4.2. ҚМГ компаниялары тобының **қызметкері**:

1) ЖҚҚ-ны жұмыс орнында осы Стандарттың талаптарына сәйкес қолдану;

2) өндірістік ҚБ басшысының сұрауы бойынша өздерінің антропометриялық деректерін беру;

3) жұмыстар аяқталғаннан кейін ЖҚҚ-ны ретке келтіру, қажет болған жағдайда, ЖҚҚ құрғату, тазарту немесе жууға (тазалауға) тапсыру;

4) ҚМГ компаниялары тобының ішкі құжаттарының талаптарына және ЖҚҚ өндірушілерінің ұсынымдарына сәйкес берілген ЖҚ-ны пайдалану және сақтау;

5) бұзылған ЖҚҚ, сондай-ақ пайдалану мерзімі аяқталған ЖҚҚ қолданыла алмайтындықтан, пайдалану алдында жеке қорғау құралдарын тексеру;

6) тікелей немесе жоғары тұрған басшыға бұзылған ЖҚҚ туралы уақытылы хабарлау;

7) тікелей немесе жоғары тұрған басшыға арнайы киім мен аяқ киімді және басқа да ЖҚҚ-ны тазалау, жуу, жөндеу қажеттілігі туралы уақытылы хабарлау;

8) ЖҚҚ-ны орынсыз пайдаланбау, ЖҚҚ конструкциясына өндірушімен келісілмеген өзгерістер енгізбеу үшін жауап береді.

4.3. Ұйымның **басшысы**:

1) ЖҚҚ беру нормаларын уақытылы бекіту;

2) бөлімшелердің персоналын қажетті ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыру;

3) ЖҚҚ жууды (оның ішінде химиялық тазартуды), ЖҚҚ-ны жөндеу мен өлшемі бойынша ықшамдауды ұйымдастыру үшін жауап береді.

4.4. Ұйымның **ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі**:

1) бөлімшелерді тиісті арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да ЖҚҚ-мен қамтамасыз етуді бақылау;

2) пайдаланылатын ЖҚҚ-нің өндірістік шарттарға, стандарттар мен санитариялық-гигиеналық нормаларға сәйкес келуін айқындау;

3) ЖҚҚ-нің жаңа түрлерін енгізудің техникалық талаптары мен шарттарын әзірлеу;

4) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкес ЖҚҚ беру нормаларын өзгерту немесе толықтыру бойынша негізделген ұсыныстарды құрастыру және дайындау;

5) ЖҚҚ-ның дұрыс берілуін, сақталуын, күтілуі мен пайдаланылуын бақылау үшін жауап береді.

4.5. Ұйымның **өндірістік ҚБ басшысы**:

1) қызметкерлерді ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету және ЖҚҚ-ның есептік қажеттілігін дайындау;

2) объектідегі/жұмыс орнындағы қызметкерлердің, келушілердің ЖҚҚ пайдалануын бақылау;

3) жұмыс алдында, жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін қажетті бүтін ЖҚҚ-нің болуын бақылау, ал дұрыс істемейтін ЖҚҚ болған немесе олар болмаған жағдайда, қызметкерлерді жұмыстарды орындауға жібермеу;

4) еңбек қорғау талаптарын бұзатын және жұмыстарды жүргізу кезінде ЖҚҚ пайдаланудан бас тартатын қызметкерлерді жауапкершілікке тарту;

5) ҚМГ бюджеттік жоспарлаудың белгіленген мерзімдерінің шеңберінде МТҚ қызметіне жоспарланатын кезеңде ЖҚҚ-ға деген қажеттілікті жіберу;

6) қызметкерден тәуелсіз себептер бойынша пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін жарамсыз болған ЖҚҚ-ны ұйымның тиісті актісінің бекітілген нысанының негізінде уақытылы ауыстыру;

7) ЖҚҚ дұрыс пайдалануға және дұрыстығын тексеру тәсілдеріне үйретуді (нұсқама беруді) қамтамасыз ету;

8) белгіленген мерзімдерге сәйкес ЖҚҚ-ны (сақтандырғыш белбеулерді, диэлектрлі биялайларды, ЖҚҚОД мен басқаларын) тұрақты сыналуын және тексерілуін бақылау үшін жауап береді.

4.6. Ұйымның **МТҚ қызметі**:

1) ЖҚҚ-ны жоспарлауды, оларға арналған өтінімдердің уақытылы және дұрыс жасалуын, сатып алуды, олармен өндірістік ҚБ-ны қамтамасыз етуді, сондай-ақ олардың қабылдануын, сақталуын, берілуін, есепке алынуын, техникалық талаптарға сәйкес жөнделуін және кәдеге жаратылуын ұйымдастыру;

2) ұйымның өндірістік ҚБ ЖҚҚ кезекші, сондай-ақ резервтік (айырбастау) қорларын ұйымдастыру;

3) қызметкерден тәуелсіз себептер бойынша пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін жарамсыз болған арнайы киім мен арнайы аяқ киімді ұйымның тиісті актісінің бекітілген нысанының негізінде уақытылы ауыстыруды ұйымдастыру. Қызметкерден тәуелсіз себептер бойынша ЖҚҚ-ны сақтаудың белгіленген орындарында олар жоғалған немесе бұзылған жағдайда, қызметкерге жаңа ЖҚҚ беруді ұйымдастыру үшін жауап береді.

5. Сипаттама

5.1 ЖҚҚ-ға қойылатын негізгі талаптар

5.1.1. Импортталатын барлық ЖҚҚ ТО ТР 019/2011 «Жеке қорғау құралдарының қауіпсіздігі туралы» Кеден Одағының техникалық

регламенттеріне сәйкестік декларациясы ережелерінде жазылған қауіпсіздіктің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5.1.2. ҚМГ компаниялары тобының объектілеріне жеткізілетін барлық ЖҚҚ Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің сәйкестік сертификатымен ілесуі тиіс.

5.1.3. ЖҚҚ-ның қауіпті және/немесе зиянды өндірістік факторлардың әсерінен қорғалуын қамтамасыз етілуі тиіс.

5.1.4. ЖҚҚ-ның нақты бір түрін таңдау нақты процесс немесе жұмыстардың түрі үшін еңбек қауіпсіздігінің талаптары ескеріліп, жүзеге асырылуы тиіс.

5.1.5. ЖҚҚ-ны жуу, химиялық тазарту, жөндеу және зарарсыздандыру кезінде олардың қасиеттері өзгермеуі тиіс.

5.1.6. Арнайы киім мен арнайы аяқ киімнің көлемі қызметкердің антропометриялық деректеріне сәйкес келуі тиіс. Арнайы киім мен арнайы аяқ киім пайдалану кезінде ыңғайлы болуы тиіс және тиісті МЕМСТ бойынша таңдалуы тиіс.

5.1.7. Ұйымның Арнайы киім мен арнайы аяқ киім логотипіне және түсіне қойылатын талаптар (KMG-F-3411.2-13/ ST-3407.2-13) осы Стандартта көрсетілген.

5.1.8. Ұйымда пайдалануға рұқсат етілген ЖҚҚ-ға қойылатын талаптар (KMG-F-3412.2-13/ ST-3407.2-13) осы Стандартта көрсетілген.

5.2 ЖҚҚ-мен қамтамасыз етуге қойылатын негізгі талаптар

5.2.1. Қызметкерлерге берілетін ЖҚҚ жұмыс берушінің меншігі болып табылады және, қажет болған жағдайда немесе жұмыс берушінің талап етуі бойынша:

1) еңбек қатынастары тоқтатылғанда;

2) берілген ЖҚҚ ЖҚҚ-ны беру нормаларымен көзделмеген басқа жұмысқа аударылғанда;

3) жұмыстардың түрі өзгергенде, жаңа технологиялар енгізілгенде міндетті түрде қайтарылуы тиіс.

Қайтарылған, бірақ одан әрі пайдалану үшін әлі де жарамды ЖҚҚ, олар жуылып, зарарсыздандырылғаннан кейін, апаттық-қалпына келтіру, маусымдық, тазалау және басқа да жұмыстар кезінде кезекші қор ретінде пайдаланылуы мүмкін.

5.2.2. жылдың суық кезеңі басталғанда, ұйымның қызметкерлеріне пайдалану мерзімі жергілікті климаттық жағдайды ескеретін ЖҚҚ беру нормаларымен белгіленетін жылы арнайы киім мен арнайы аяқ киім беріледі.

5.2.3. Объектілерге келушілерді және уақытша қызметкерлерді ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету мақсатында, ЖҚҚ жалпы қорының 20% көлемінде ЖҚҚ-ның кезекші қорлары құрылуы тиіс.

5.2.4. Кезекші ЖҚҚ мен ұжымдық пайдаланыстағы ЖҚҚ, олар арналған жұмыстар уақытына беріледі, олар жұмыс орындарына беріледі немесе жауапты тұлға тағайындалады және бір ауысымнан басқа ауысымға беріледі немесе олардың бөлімшенің қоймалық үй-жайда сақталуын ұйымдастырылады. Кезекші ЖҚҚ қол қойдырып беріледі және «Кезекші» деген белгімен жеке карточкаларда ескеріледі. Жаңа кезекші ЖҚҚ жиынтықтарын беру олардың физикалық тозуына қарай жүзеге асырылады. жоғарыда көрсетілген ЖҚҚ жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау кезінде оқтын-оқтын пайдалану үшін беріледі. Бұл ретте, бірнеше мәрте пайдалануға болмайтын және «кезекші» ретінде берілетін шуға қарсы астар, шлемнің астынан киетін жұмсақ телпектер, сондай-ақ тыныс органдарының ЖҚҚ әрбір қызметкерге жұмыс ауысымының алдында бірмәртелік жиынтық түрінде беріледі.

5.2.5 Сатып алу, жеткізу, есебін жүргізу және кәдеге жарату үшін ЖҚҚ көлемдерін жоспарлау процесін автоматтандыру немесе осы процестерді сырт ұйымдарға бері мақсатында, ұйымда ақпараттық жүйелер енгізілуі мүмкін.

5.3 ЖҚҚ-ға деген қажеттілікті жоспарлау

5.3.1. Ұйымда ЖҚҚ-ға деген қажеттілікті жоспарлау әрбір күнтізбелік кезеңге (жыл) жыл сайын жүргізіледі.

5.3.2. ЖҚҚ-ға деген қажеттілікті жоспарлауды жүргізу мерзімдері ұйымның өкімдік құжаттары мен бюджеттік жоспарлау қағидаларында белгіленеді.

5.3.3. Ұйымның ЖҚҚ-ға деген қажеттілігі, қызметкерлердің бекітілген ЖҚҚ беру нормаларына, есепке алудың жеке карточкаларына сәйкес, ҚБ ЖҚҚ-ға деген қажеттілігі жиынының негізінде:

1) әрбір кәсіптегі қызметкерлердің саны (өткен жылдағы штат санына сәйкес және кейінгі жылдағы қызметкерлерге деген қажеттілік ескерілген қызметкерлердің орта тізімдік саны);

2) лауазымдары нормалармен көзделмеген, бірақ өз қызметінің түрі бойынша кейде жұмыс комиссияларының құрамында ҚМГ компаниялары тобының объектілеріне баруға міндетті әкімшілік-басқарушылық персоналдың басшылары мен мамандары;

3) уақытша қызметкерлер;

4) ЖҚҚ кезекші қорын толтыру;

5) ЖҚҚ резервтік (айырбастау) қорын толтыру;

6) кәсіптерді қоса атқару кезінде қызметкерлерге қосымша берілетін ЖҚҚ;

7) қоймаларда сақталатын, сақтау немесе пайдалану мерзімі жоспарланатын жылы бітетін ЖҚҚ;

8) апаттық жағдайларда, кепілдікті сақтау мерзімі ескерілген, ЖҚҚОД-ға арналған қажетті сүзілуші элементтер резерві ескеріле отырып, қалыптасады.

5.3.4. ЖҚҚ қажеттілігін жоспарлау кезінде, ЖҚҚ беру нормаларына сәйкес, пайдалану нұсқаулықтарында көрсетілген ЖҚҚ пайдалану мерзімдерін, сондай-ақ кепілдікті сақтау мерзімдерін ескеру қажет. Кепілдікті сақтау және пайдалану мерзімдері өткен ЖҚҚ есептен шығарылады.

5.3.5. Кәсіптерді қоса атқаратын немесе қоса атқарылатын жұмыстарды үнемі орындайтын қызметкерлерге, оның ішінде кешенді бригадалардағы қызметкерлерге, оларға негізгі кәсібі бойынша берілетін ЖҚҚ-дан басқа, орындалатын жұмыстардың сипаты мен шарттарына қарай, қоса атқарылатын кәсіп үшін қолданылатын нормаларда көзделген қосымша ЖҚҚ-нің басқа да түрлері беріледі.

5.3.6. ЖҚҚ-ға деген қажеттілікті жоспарлау кезінде, барлық көрсеткіштер ҚР СТ ИСО 10652-2010 Киім. Стандартты көлемдер жүйесі, ҚР СТ ИСО 8559-2018 Киім көлемдерінің белгіленімі. Еркек мен ұлдарға арналған сырт киім, ҚР СТ ИСО 3637-2008 Киім көлемдерінің белгіленімі. Әйелдер мен қыздарға арналған сырт киім заттары, МЕМСТ 31399-2009 Ерлер үлгілік денебітімі. Киімді жобалауға арналған көлем белгілері, МЕМСТ 31396-2009 Әйелдердің үлгілік денебітімі. Киім жобалауға арналған көлем белгілері мен жеке сақтандыру құралдары (қорғау шлемдері, белбеулер, респираторлар мен басқалары) талаптарына сәйкес, көлемдеріне, бойына қарай еркектер мен әйелдерге арналған ЖҚҚ үшін жеке-жеке ресімделеді.

5.3.7. Қажеттілікпен белгіленген арнайы киімді, арнайы аяқ киімді және басқа да ЖҚҚ сатып алуға арналған бюджетті азайтпаған жөн.

5.4 ЖҚҚ сатып алу және қабылдау

5.4.1. Өндірістік ҚБ басшылары белгіленген мерзімдерге сәйкес жоспарланатын кезеңге арналған ұйымның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу жоспарына қосу үшін МТҚ қызметіне өтінімді жібереді.

5.4.2. Ұйымның бекітілген ТЖҚ сатып алу жоспарының негізінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді ұйымдастыру үшін жауапты тұлға «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-қа меншік немесе

сенімгерлік басқару құқығында тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес ЖҚҚ сатып алуды жүзеге асырады.

5.4.3. Өнім берушіден келіп түсетін ЖҚҚ, техникалық сипаттамалары бойынша, осы Стандартта белгіленген талаптардан төмен болмауы тиіс.

5.4.4. Ұйымның МТҚ, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметтерінің және өндірістік ҚБ-нің ЖҚҚ қолданатын мамандарынан тұратын комиссиясы сатып алынатын ЖҚҚ сапасын техникалық ерекшеліктердің талаптарына сәйкес келу мәніне бақылауды жүргізеді.

Бағалау объектілері

- Арнайы киім**;**
- Арнайы аяқ киім;
- Қолды қорғайтын жеке құралдар;
- Есту органдарын қорғау құралдары;
- Көзді және бетті қорғайтын жеке құралдар;
- Тыныс органдарын қорғайтын жеке құралдар;
- Басты қорғайтын жеке құралдар.

5.4.5. Ұйымның комиссиясы берілген ЖҚҚ үлгілерінің ұйымның корпоративтік талаптарына сәйкес келу мәніне бағалауды жүзеге асырады және оның қорытындылары бойынша тиісті қабылдау актісі толтырылады. Сатып алынатын ЖҚҚ сапасын тексеру қорытындыларының негізінде ұйымның комиссиясы өндірісте пайдалану үшін жеткізілген ЖҚҚ-ны қабылдау немесе қабылдамау туралы шешім қабылдайды.

5.4.6. Тексеру қорытындылары бойынша белгіленген талаптарға сәйкес келмейді деп танылған ЖҚҚ өндірістік сынақтарға жіберілмейді.

5.4.7. ЖҚҚ жеткізушілермен шарттар жасасу кезінде ұйым шарттарға жасалатын шарттың мәніне және ЖҚҚ жеткізушінің міндеттемелеріне сәйкес келетін Стандарттың жекелеген талаптарын қосуы тиіс.

5.5. ЖҚҚ сақтау, беру, пайдалану, күту және кәдеге жарату тәртібі

5.5.1. ЖҚҚ сақтау

5.5.1.1. ЖҚҚ оларды өндірушілер белгілеген талаптарға сәйкес, түрлері, бойы, көлемдері, қорғау қасиеттері бойынша сұрыпталып, жеке құрғақ үй-жайларда, қандай да бір болмасын улағыш, улы және оларды пайдалану кезінде

қызметкерлерге теріс әсер тигізе алатын басқа заттар мен материалдардан оқшаулы түрде сақталуы тиіс.

5.5.1.2. Сақтауға қабылданған ЖҚҚ дезинфекциялануы, лас пен шаңнан мұқият тазартылуы, құрғатылуы, жөнделуі тиіс және сақтау кезінде оқтын-оқтын тексерілуі тиіс.

5.5.1.3 Денсаулық үшін зиянды заттармен (қорғасын, оның қоспалары мен қосылыстары, сынап және басқалары) жұмыс істейтін қызметкерлердің ЖҚҚ сақтау мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарының нұсқаулықтары мен нұсқауларына сәйкес жүргізілуі тиіс.

5.5.1.4 Арнайы киімді, қажетті сақтау шарттарын сақтай отырып, өндіруші фирмаларының қоймаларында сақтауға болады. Бұл ретте, қажетті көлемде арнайы киімді жіберу шарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

5.5.2. ЖҚҚ беру

5.5.2.1. ЖҚҚ қызметкерді жұмысқа қабылдау, басқа жұмысқа аудару кезінде немесе бұрын берілген ЖҚҚ кию мерзімінің бітуіне байланысты берілуі тиіс.

5.5.2.2. ЖҚҚ-ны пайдалануға беру кезінде қызметкерлердің есебіне қосылуы тиіс және осы Стандарттың 3-ережесіне сәйкес, қызметкердің жеке есеп карточкасына жазылуы тиіс. Электрондық ЖҚҚ карточкасын жүргізу мүмкіндігімен кию мерзімдерін және, қажет болған жағдайда, ЖҚҚ беру журналын жүргізіп, цехтарда рұқсат қағазы бойынша беруді бақылау үшін, ЖҚҚ берудің жеке есеп карточкасы өндірістік ҚБ (бөлімдерде) сақталады.

5.5.2.3. Жыл маусымы (қысқы немесе жазғы) аяқталғаннан кейін, қызметкерлерге берілген арнайы киім мен арнайы аяқ киімді қызметкерлер сақтайды.

5.5.2.4. ЖҚҚ пайдалану мерзімдері күнтізбелік белгіленеді және олар қызметкерлерге іс жүзінде берілген күннен бастап есептеледі.

Қысқы арнайы киім мен қысқы арнайы аяқ киім кию мерзімдері, ЖҚҚ беру нормаларына сәйкес, климаттық белдеулерге қарай, күнтізбелік айларда белгіленеді.

Қазақстан Республикасы өңірлерінің климаттық белдеулері

Белдеу	Өңірлер
1 белдеу	Алматы облысы; Жамбыл облысы; Қызылорда облысы; Түркістан облысы
2 белдеу	Ақтөбе облысы; Шығыс Қазақстан облысы (оңтүстікке қарай 50° с.е.); Атырау облысы; Маңғыстау облысы; Қостанай облысы (оңтүстікке қарай 50° с.е.); Батыс Қазақстан облысы
3 белдеу	Ш Шығыс Қазақстан облысы (солтүстікке қарай 50° с.е.); Қарағанды облысы; Солтүстік Қазақстан облысы; Павлодар облысы; Қостанай облысы (солтүстікке

	қарай 50° с.е.); Ақмола облысы.

- I климаттық белдеу – кию мерзімі 36 айдан аспайтын жылы киім.
- Кию мерзімі 36 айдан аспайтын жылы аяқ киім.
- II климаттық белдеу – кию мерзімі 30 айдан аспайтын жылы киім.
- Кию мерзімі 30 айдан аспайтын жылы аяқ киім.
- III климаттық белдеу – кию мерзімі 24 айдан аспайтын жылы киім.
- Кию мерзімі 24 айдан аспайтын жылы аяқ киім.

5.5.2.5. Қызметкерлерге берілетін ЖҚҚ еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуі, олардың жынысына, бойына, көлемдеріне, орындалатын жұмыстың сипаты мен шарттарына сәйкес келуі тиіс.

5.2.2.6. Қауіпті өндірістік объектідегі технологиялық процеске тікелей қатысатын жұмысшылар отқа төзімді сипаттамалары бар арнайы киіммен қамтамасыз етілуі тиіс.

5.5.2.7. Жекелеген жағдайларда, өндірістің ерекшеліктеріне сәйкес, осы Стандартта көзделген ЖҚҚ-ның бір түрі қорғау қасиеттері мен гигиеналық сипаттамалары, ЖҚҚ беру нормаларында көзделген кию мерзімдері бойынша ұқсас басқа ЖҚҚ-ға ауыстырылуы мүмкін.

5.5.2.8. Жұмыс жағдайына қарай, қызметкерлерге ЖҚҚ беру нормаларымен белгіленген тиісті пайдалану мерзімдерімен ұжымдық пайдаланыстағы ЖҚҚ беріледі.

5.5.2.9. Жұмыстың сипатына және еңбек шарттарына қарай, ұйымда кезекші ЖҚҚ мен ұжымдық пайдаланыстағы ЖҚҚ белгіленеді.

Кезекші ЖҚҚ мен ұжымдық пайдаланыстағы ЖҚҚ қызметкерлерге олар көзделген жұмыстарды орындау уақытына ғана берілуі тиіс немесе белгілі бір жұмыс орындарына бекітіліп (мысалы, тондар – сыртқы посттарда, диэлектрлі биялайлар – электр құрылғыларында), бір ауысымнан басқа ауысымға берілуі тиіс.

Кезекші ЖҚҚ мен ұжымдық пайдаланыстағы ЖҚҚ пайдалану мерзімдері, кезекші ЖҚҚ мен ұжымдық пайдаланыстағы ЖҚҚ беру нормаларына сәйкес, жеке пайдалануға берілетін ЖҚҚ-ның осындай түрлерін пайдалану мерзімдерінен аз болмауы тиіс.

5.5.2.10. Қызметкерлерден тәуелсіз себептермен ЖҚҚ сақтаудың белгіленген орындарында ЖҚҚ жоғалған немесе бұзылған жағдайда, ұйым олардың орнына басқаларын беруге міндетті. Талаптарға сәйкес келмейтін немесе қызметкерлерден тәуелсіз себептер бойынша киюдің белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін жарамсыз болған ЖҚҚ ұйым актісінің бекітілген нысанының негізінде ауыстырылуы тиіс.

Қызметкердің кінәсынан ЖҚҚ жоғалған немесе бұзылған жағдайда, ұйым оларды ауыстырып, жоғалған (жарамсыз болған) ЖҚҚ құнын өтеуді кінәлі адамдарға жүктеуге міндетті.

5.5.2.11. Қызметкерлерге ЖҚҚ беру кезінде, ұйым қызметкерлердің осы құралдарды пайдалану, сақтау қағидаларымен және олардың дұрыстығын тексеру тәсілдерімен танысуын, сондай-ақ оларды пайдалану бойынша жаттықтыруын қамтамасыз етеді.

5.5.3. ЖҚҚ пайдалану және оларды күту

5.5.3.1. Қызметкерлерге берілген ЖҚҚ жұмыс уақытында ғана пайдаланылуы тиіс. ЖҚҚ таза, ақаусыз және пайдалануға жарамды болуы тиіс.

Жұмыс сипатына сәйкес келмейтін ЖҚҚ-сыз, сондай-ақ ақаулы ЖҚҚ-мен қызметкерлерді жұмысқа жіберуге болмайды.

5.5.3.2. ЖҚҚ пайдалануға, күтуге және сақтауға қойылатын талаптар ішкі еңбек тәртібінің қағидаларында немесе ұжымдық еңбек шарттарында, сондай-ақ ұйымның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау нұсқаулықтарында ескерілуі тиіс. Қайта нұсқама беруді жүргізу кезінде ЖҚҚ пайдалану, күту және сақтау қағидаларын көрсету керек.

5.5.3.3. ЖҚҚ қызметкерлеріне берілген ЖҚҚ сақтау үшін, ұйым құрылыс нормаларының және қағидаларының талаптарына сәйкес арнайы жабдықталған үй-жайларды (гардеробтар) немесе жеке шкафтарды береді.

5.5.4. ЖҚҚ күту және кәдеге жарату тәртібі

5.5.4.1. Ұйым ЖҚҚ-ны лайықты түрде күтуді және олардың сақталуын ұйымдастырады, ЖҚҚ-ның уақытында химиялық тазартуды, жууды, жөндеуді және зарарсыздандыруды жүзеге асырады.

Бұл өндіріс шарттары бойынша талап етілген жағдайларда, өндірістік үй-жайларда арнайы киім мен арнайы аяқ киім үшін кептіргіштер, арнайы киімді шаңсыздандыру және ЖҚҚ зарарсыздандыру үшін камералар орнатылуы тиіс.

5.5.4.2. ЖҚҚ қорғау қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін өндірушінің талаптарына сәйкес ластанудан профилактикалық өңдеу (жуу, химиялық тазарту, дезинфекция, шаңсыздандыру) жүргізіледі.

5.5.4.3. Белгіленген (паспорттарда, пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда және нормативтік құжаттарда) мерзімдерге сәйкес, ұйым ЖҚҚОД мен ЖҚҚ-ның (респираторлардың, газқағарлардың, өзін-өзін құтқарғыштардың, сақтандыру белбеулерінің және басқаларының) дұрыс істеу мәніне үнемі сынақтан және тексеруден (қараудан) өтуін, сондай-ақ жарамсыз болған ЖҚҚОД мен ЖҚҚ-ның сүзгілерін, әйнектері мен басқа да бөлшектерін уақытылы ауыстыруды қамтамасыз етеді. ЖҚҚОД мен ЖҚҚ-ның дұрыстығы

тексерілгеннен кейін, паспортта сынақ мерзімдері туралы белгі (жазба) жасалуы тиіс.

5.5.4.4. Сақтауға беру алдында, ЖҚҚ дезинфекциялануы, лас пен шаңнан мұқият тазартылуы, құрғатылуы және жөнделуі тиіс.

5.5.4.5. ЖҚҚ профилактикалық өңдеу мен жөндеу қызметкерлер жұмыста болмағанда (демалыс күндері) немесе ауысым арасындағы уақытта жүргізілуі тиіс.

5.5.4.6. Егер беру нормаларында арнайы киім мен арнайы аяқ киімнің екі немесе үш жиынтығын беру көзделсе, ЖҚҚ профилактикалық өңдеу мен жөндеу басқа да уақытта орындалуы мүмкін, бұл ретте қызметкерлерге осы уақытта ауыстырылатын жиынтық беріледі.

5.5.4.7. ЖҚҚ тазарту, профилактикалық өңдеу мен жөндеу мерзімділігі пайдалану шарттарымен және орындалатын жұмыстардың ерекшелігімен айқындалады.

5.5.4.8. Денсаулық үшін қауіпті және/немесе зиянды (қорғасын, оның қоспалары мен қосылыстары, сынап және басқалары) өндірістік факторлары бар жұмыстарды атқаратын қызметкерлердің ЖҚҚ-сын профилактикалық өңдеу санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының нұсқаулықтары мен нұсқауларына сәйкес жүргізілуі тиіс.

5.5.4.9. Қызметкер инфекциялық ауруға шалдыққан жағдайда, ол пайдаланған ЖҚ және олар сақталған үй-жайлар белгіленген тәртіппен тиісті түрде дезинфекциялануы тиіс.

5.5.4.10. Одан әрі пайдалануға жарамсыз ЖҚҚ-ны есептен шығару және басқа да ЖҚҚ алу үшін ЖҚҚ есептен шығару актісі жасалады.

5.5.4.11. ЖҚҚ кәдеге жарату еншілес және тәуелді ұйымдардың ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады

6. Нәтижелелік критерийлері

Төмендегілер нәтижелілік критерийлері болып табылады:

6.1 Қауіпті және/немесе зиянды өндірістік факторлардың әсерінен қорғауды ұйымдастыру үшін осы Стандарттың талаптарына сәйкес, қызметкерлерді ЖҚҚ-мен 100%-ке қамтамасыз ету.

7. Құжаттарға сілтемелер

Осы Стандартта келесі құжаттар қолданылған:

	регламенттеріне сәйкес декларация. «Жеке қорғау құралдарының қауіпсіздігі туралы»
ҚР СТ ИСО 10652-2010	ҚР СТ ИСО 10652-2010 Киім. Стандартты көлемдер жүйесі
ҚР СТ ИСО 8559-2-2018	ҚР СТ ИСО 3636-2008 Киім көлемдерінің белгіленімдері. Ерлер мен ұлдарға арналған сырт киім
ҚР СТ ИСО 3637-2008	ҚР СТ ИСО 3637-2008 Киім көлемдерінің белгіленімі. Әйелдер мен қыздарға арналған сырт киім заттары.
МЕМСТ 31399-2009	МЕМСТ 17521-72 Ерлердің үлгі денебітімі. Киімді жобалауға арналған көлемдік белгілер
МЕМСТ 31396-2009	МЕМСТ 17522-72 Әйелдердің үлгі денебітімі. Киімді жобалауға арналған көлемдік белгілер
Директорлар кеңесінің № 193 хаттамасы	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-қа меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидалары

8. Жазба нысандары

KMG-F-3411.2-13/ ST-3407.2-13	ЖҚҚ логотипі мен түріне қойылатын талаптар
KMG-F-3412.2-13/ ST-3407.2-13	ЖҚҚ-ға қойылатын жалпы талаптар
KMG-F-3415.2-13/ ST-3407.2-13	Жеке қорғау құралдарын беру есебінің жеке карточкасының нысаны

ЖҚҚ логотипіне және түсіне қойылатын талаптар

1. ҚМГ/ЕТҰ логотипі оларды киімге орналастыру бойынша талаптарды сақтай отырып, күртеге, костюмге, жилетке, комбинезонға, қысқа комбинезонға салынады. Қара материалда логотиптің ақ варианты қолданылады. Ақ немесе түрлі-түсті материалда логотиптің түрлі-түсті варианты қолданылады.

2. Қызметкерлердің барлық арнайы киімінде ұйымда белгіленген корпоративтік техникалық талаптарға сәйкес логотипті киімге орналастыру бойынша талаптар сақтала отырып, ҚМГ/ЕТҰ логотипі болуы тиіс.

3. Логотипті салу әдісі – шетін кестелеп тігу немесе жарық шағылдыратын пленкамен әрлеу немесе термотрансфер немесе термобасу. Жіп – арнайы тігетін жібек жіптер.

4. Логотиптерді орналастыру:

1) ҚМГ-нің кіші логотипі күртенің, қысқа комбинезонның, комбинезонның алдыңғы жағына сол жақта орналасады, логотип өлшемі 10 см х 2,5 см .

2) ЕТҰ-ның кіші логотипі күртенің, қысқа комбинезонның, комбинезонның алдыңғы жағына оң жақта орналасады, логотип өлшемі 10 см х 2,5 см

3) сол жақ жеңнің жоғарғы бөлігінде жібек жіппен кестелеп тігілген ҚМГ/ЕТҰ шевроны орналасады, өлшемі 7х9 см.

4) ЕТҰ үлкен логотипі қылтадан 15 см қашықтықта күртенің (қысқа комбинезонның, комбинезонның) ортасына орналасады және бір тігістен тұрады. Үлкен логотиптің өлшемі - 20 см х 10 см, 25х6,5 см 25 см х 10 см, 40 см х 10 см. Жіп – мамандандырылған кестелеп тігілетін жібек жіптер.

5) Бас киімдер үшін логотиптің өлшемі - 5 см х 7 см. Логотипті салу тәсілі: термотрансфер, термобасу немесе жиегін кестелеп тігу. Аяқ киім, қолғаптар және жеке қорғау құралдары (алжапқыштар, респираторлар, көзілдірік және т.б.) брендтеуге (ҚМГ/ЕТҰ логотипін салуға) жатпайды.

ҚМГ логотипінің түрі

ЕТҰ логотипінің түрі

5. Барлық бұйымдарға МЕМСТ 12.4.115-82 талаптарына сәйкес таңбалау салынады, онда бұл құралдарды сипаттайтын негізгі мәліметтер, сондай-ақ қорғағыш қасиеттері және күтім тәсілі туралы мәліметтер болуы тиіс. Таңбалауды ЖҚҚ-ның ең аз тозуына ұшыраған жерлерге салу керек және ол тез байқалуы мүмкін. Таңбалауды белгілеу тұрақты болуы тиіс. Таңбалауды тікелей бұйымға енгізу мүмкін болмаған жағдайда, оны затбелгіге және этикеткаға салуға рұқсат етіледі. Затбелгілер әрбір бұйымның (күртке,

шалбар, жилет және т.б.) бүйірлік тігісіне қайып тігіледі. Символдарды ажырату бұйымды бүкіл пайдалану мерзімінде сақталуы тиіс.

6. Жұмыскерлердің барлық арнайы киімі үшін корпоративтік көк түс ұсынылады.

ЖҚҚ-ға қойылатын жалпы талаптар

1. Басты қорғайтын жеке қорғаныш құралдарына қойылатын талаптар

1.1. ҚОРҒАНЫШ КАСКАСЫ

Модель атауы: қорғаныш каскасы.

Арналуы: жұмысшылардың басын механикалық зақымданудан, ылғалдан, агрессивті сұйықтықтардың шашырауынан қорғау, электр тогынан қорғау.

1.1.1. ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

Негізгі параметрлері мен сипаттамалары.

Өндірілетін қорғаныш каскасының түрлері - МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖ Қорғаныш каскасы. ЖТШ.

Қорғаныш каскасы МЕМСТ бойынша жіктемелерге сәйкес ерлердің типтік өлшемдеріне дайындалады:

- МЕМСТ 31399-2009 Киім жобалау үшін бойлары, өлшемдері және толықтық топтары бойынша ерлердің типтік фигураларының жіктелуі.

1-кесте

Ерлердің қорғаныш каскаларының типтік өлшемдері

Каска өлшемі	Көтергіш таспаның ұзындығын реттеу шектері, см	Каска кию биіктігі, мм
I	54-тен 58-ге дейін	80-нен 85-ке дейін
II	58-ден 62-ге дейін	85 " 90
Ескертпе: көтергіш таспа ұзындығы 54-тен 62 см-ге дейін болатын реттелетін каска дайындауға рұқсат етіледі.		

Эргономиялық талаптар.

Қорғаныш каскасын жасау кезінде мыналарды қамтамасыз ететін эргономикалық талаптар сақталуы тиіс - МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖ Қорғаныш каскалары. ЖТШ, МЕМСТ EN 397-2012 ЕҚСЖ Қорғаныш каскалары. ЖТШ:

Каска осы стандарттың және белгіленген тәртіппен бекітілген касканың нақты түріне арналған нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес дайындалуы тиіс. (МЕМСТ

12.4.128-83 ЕҚСЖ Қорғаныш каскалары. ЖТШ. БАСЫЛЫМ (2005ж. желтоқсан) № 1, 2, 3 өзгерістерімен, № 2 өзгерістер).

Каска дайындау үшін Денсаулық сақтау министрлігі рұқсат еткен материалдар қолданылуы керек. Касканың корпусы мен ішкі жабдықтары улы емес материалдардан жасалуы керек, ал бас терісіне тікелей тиетін бөлшектер терінің патологиялық өзгерістерін тудырмауы керек, дезинфекциялық құралдардың әсеріне төзімді болуы керек (МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖ Қорғаныш каскалары. ЖТШ. БАСЫЛЫМ (2005ж. желтоқсан) № 1, 2, 3 өзгерістерімен, № 3 өзгерістер).

Каска корпусы қатты немесе құрама, күнқағары немесе дөңгелек жиектері бар, ішкі қаттылығы жоқ. Сыртқы қаттылығына рұқсат етіледі (МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖ Қорғаныш каскасы. ЖТШ. БАСЫЛЫМ (2005ж. желтоқсан) № 1, 2, 3 өзгерістерімен, № 2 өзгерістер).

Корпустың беті тегіс, жарықтар мен көпіршіктерсіз, шеттері мен жиектері тұйық болуы керек. (МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖ Қорғаныш каскалары. ЖТШ. БАСЫЛЫМ (2005ж. желтоқсан) № 1, 2, 3 өзгерістерімен, № 3 өзгерістер).

Каска корпусы оны металл затпен ұрған кезде ұшқын шығармауы керек.

Каска конструкциясы түзету көзілдірігін және көру органдарын жеке қорғау құралдарын киюге кедергі келтірмеуі керек.

Каска конструкциясы каскаасты кеңістігінің желдетілуін қамтамасыз етуі керек.

Ішкі жабдық алынбалы болуы керек, жабдық пен каска корпусы арасындағы тік қауіпсіз және сақиналы саңылауларды қамтамасыз етуі керек.

Маңдай бөлігінің ішкі жағындағы көтергіш таспада табиғи немесе жасанды былғарыдан немесе ылғалтартқыштығы және 1.2-тармақтың талаптарын қанағаттандыратын басқа материалдан жасалған жабын болуы керек.

(МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖ Қорғаныш каскалары. ЖТШ. БАСЫЛЫМ (2005ж. желтоқсан) № 1, 2, 3 өзгерістерімен, № 1 өзгерістер).

Каска 1-кестеге сәйкес екі өлшемде жасалуы керек. Көтергіш таспаның ұзындығын реттеу сатыларымен 10 мм-ден аспайды. Тұтынушының талап етуі бойынша 62-64 см үлкен өлшемді қалпақтар дайындауға рұқсат етіледі (МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖ Қорғаныш каскалары. ЖТШ. БАСЫЛЫМ (2005ж. желтоқсан) № 1, 2, 3 өзгерістерімен, № 1, 2, 3 өзгерістер).
Тік қауіпсіз саңылау кемінде 25 мм болуы керек. Көлденең сақина саңылауы кемінде 5 мм және 20 мм-ден аспауы керек. Алдыңғы бөліктегі күнқағар мен жиектердің ені - 60 мм-ден аспайды, күнқағардың көлденең жазықтыққа еңкею бұрышы - 30°-тан аспайды.

Жеңіл каска үшін тік қауіпсіз саңылау кемінде 20 мм және 30 мм-ден аспауы керек, алдыңғы жағындағы күнқағар мен жиектердің ені 40 мм-ден аспауы керек (МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖ Қорғаныш каскалары. ЖТШ. БАСЫЛЫМ (2005ж. желтоқсан) № 1, 2, 3 өзгерістерімен, № 1, 2, 3 өзгерістер).
Иек бауы алынбалы, ұзындығы реттелетін, ені 15-20 мм болуы керек.

Иек бауы бар касканың салмағы I өлшемі үшін 400 г, II өлшемі үшін 430 г және I және II өлшемді дөңгелек жиектері бар 480 г каскадан аспауы керек.

Иек бауы бар жеңіл каска салмағы I өлшемді каска үшін 300 г және II өлшемді каска үшін 330 г аспауы керек (МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖ Қорғаныш каска. ЖТШ. БАСЫЛЫМ (2005ж. желтоқсан) № 1, 2, 3 өзгерістерімен, № 1, 3 өзгерістер).

Амортизатордың сәулелерінің ені кемінде 15 мм болуы керек.

Сыртқы түрі.
ҚОРҒАНЫШ КАСКАСЫ.
Беріктігі жоғары полиэтиленнен (HDPE), поликарбонаттан, пластиктен жасалған қатты қабықтан жасалған. Салмағы: 350 гр.

6 бекіту нүктесінде төмен тығыздықтағы полиэтилен текстиль таспасының шылбыры (LDPE). Шылбыр жұмсақ, кеуекті обтюратормен жабдықталған, ол ұзақ уақыт бойы ыңғайлы киюді қамтамасыз етеді. Тегіс реттеу (5 мм-ден аспайтын қадаммен) 52-ден 62 өлшемге дейінгі бас бойынша жылдам әрекет ететін қырылдақ реттегіші бар.

Каскада мыналар болуы керек:

- басына дұрыс бекіту үшін реттелетін иек бауы немесе қырылдағы;

- былғарыдан немесе жасанды былғарыдан жасалған бас доғасының маңдай жағына ендірме;

- желдету үшін жеткілікті кеңістік;

- көзілдірікті, құлаққапты, қалқандарды бекітуге арналған қалталар;

- желдетудің жиынтық ауданы - 162 мм² кем емес;

- өлшемі: ені 30,0 мм, ұзындығы 400 мм жарық қайтарғыш таспамен контурлық таңбалау *(көрсетілген параметрлердің жарық қайтарғыш таспасы қорғаныш каскамен жиынтықта болуы және каскаға жұмыскерлер өз бетінше желімдеуі мүмкін*).

1.1.2. ДАЙЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.
Қорғаныш каскасы осы стандарттың талаптарына, бұйымға арналған техникалық құжаттамаға сәйкес, стандартты қабылдаған мемлекеттің аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық актілердің талаптары сақтаЛА отырып дайындалады.

Бас және мойын омыртқаларын құлаған заттардан зақымданудан қорғайтын қорғаныш құралы. Басты соққыдан қорғаудың негізгі функциясымен қатар, қорғаныш каскасы жұмысшыларды механикалық әсерлерден, күйіктерден, балқытылған материалдардың немесе химиялық заттардың шашырауынан, сондай-ақ ток өткізгіш бөліктерге кездейсоқ тиген кезде электр тогының соғуынан қорғай алады, аязға төзімді қасиеттері бар.

Каска кем дегенде 80 Дж энергиямен тік соққыға төтеп беруі керек, жеңіл каска үшін - кем дегенде 20 Дж (механикалық беріктік). Корпуста қиылысатын жарықтар мен ойықтардың пайда болуына, корпустың қалтасынан суспензияның шығуына, сондай-ақ ішкі жабдықтың

тұтастығын бұзуға жол берілмейді (МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖҚ Қорғаныш каскалары. ЖТШ. БАСЫЛЫМ (2005ж. желтоқсан) № 1, 2, 3 өзгерістерімен, № 3 өзгерістер).

Энергиясы 50 Дж кем емес тік соққы кезінде, жеңіл каска үшін - 20 Дж кем емес (амортизация) каска басының макетіне берген күш 5 кН аспауы тиіс. Құлаған денені бәсеңдету бойынша амортизациялық қабілетін 98 Н·м/с асырмай орнатуға жол беріледі (МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖҚ Қорғаныш каскалары. ЖТШ. БАСЫЛЫМ (2005ж. желтоқсан) № 1, 2, 3 өзгерістерімен, № 1, 3 өзгерістер).

Кем дегенде 30 Дж энергиясы бар өткір затпен соғылған кезде, кем дегенде 10 Дж соққы энергиясы бар жеңіл каска үшін (перфорация) каска оның бас макетінің бетіне тигізбеуі керек (МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖ Қорғаныш каскалары. ЖТШ. БАСЫЛЫМ (2005ж. желтоқсан) № 1, 2, 3 өзгерістерімен, № 3 өзгерістер).

Каска корпусы жалыннан газ оттығын алып тастағаннан кейін 5 с-тан артық жанбауы тиіс (МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖ Қорғаныш каска. ЖТШ. БАСЫЛЫМ (2005ж. желтоқсан) № 1, 2, 3 өзгерістерімен, № 1 өзгерістер).

Судың әсерінен каска корпусы деформацияланбауы керек және оның беріктік қасиеттері өзгермеуі керек (МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖ Қорғаныш каскалары. ЖТШ. БАСЫЛЫМ (2005ж. желтоқсан) № 1, 2, 3 өзгерістерімен, № 3 өзгерістер).

Каска корпусы ток өткізгіш бөлшектермен жанасқанда кернеуі 440 В электр тогының соғуынан қорғауы керек. Екі сынақта да ағып кету тогы 1,2 мА аспауы керек (МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖ Қорғаныш каскалары. ЖТШ. БАСЫЛЫМ (2005ж. желтоқсан) № 1, 2, 3 өзгерістерімен, № 1, 3 өзгерістер).

Ішкі жарақ бөлшектерінің корпуспен қосылу беріктігі әрбір қосылу нүктесінде кемінде 80 Н болуы тиіс. жеңіл каска үшін қосылу беріктігі кемінде 40 Н болуы тиіс (МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖ Қорғаныш каскасы. ЖТШ. БАСЫЛЫМ (2005ж. желтоқсан) № 1, 2, 3 өзгерістерімен, № 3 өзгерістер).

Каска корпусы мынадай химиялық орталардың әсерінен кейін деформацияланбауы және беріктік қасиеттерін өзгертпеуі керек: күкірт қышқылы мен натрий гидроксиді ерітінділері, трансформатор майы немесе басқа минералды майлар, автомобиль бензині.

Каскаға бекітілетін кез келген құрылғылардың конструкциясында қандай да бір оқиға болған жағдайда каска киюшінің жарақат алу қаупін болдырмау мүмкіндігі көзделуге тиіс. Атап айтқанда, дулығаның ішінде жарақат тудыруы мүмкін металл немесе басқа қатты шығыңқы жерлер болмауы керек.

Ішкі жабдықтың тігістері қажалудан қорғалуы керек.

Конструкциядағы көзделген желдеткіш саңылаулар касканың төменгі жиектерінің астына таза ауаның түсуін, каска корпусының жоғарғы үштен бір бөлігіндегі саңылаулар арқылы шығуын жақсы желдетуді қамтамасыз етуі тиіс.



a - ішкі тік қашықтық; *b* - тік қауіпсіз алшақтық; *c* - қорғаныш қаптамасы.

1-сурет - Ішкі тік қашықтық және тік қауіпсіз алшақтық.

ҚОРҒАНЫШ КАСКАСЫ


ЗАГЛУШКИ ВЕНТИЛЯЦИОННЫХ
ПАЗЫ ДЛЯ КРЕПЛЕНИЯ НАУШНИКОВ И ЩИТКОВ.
ПЛОЩАДКА ДЛЯ НАНЕСЕНИЯ ЛОГОТИПА
УВЕЛИЧЕННАЯ ЗАЩИТА ЗАТЫЛОЧНОЙ ЧАСТИ.
ВОДОСТОЧНЫЙ ЖЕЛОБОК
УКОРОЧЕННЫЙ КОЗЫРЕК

2-сурет.

3 сурет. Техникалық эскиз.

Үлгі эталонын өндіру үшін қорғаныш каскасын өлшеу мәндері.

Эталондық үлгінің өлшемі: модельді әзірлеу кезінде ерлер бас киімінің үлгілік өлшемі– 58-өлшем болып қабылданды.

2-кесте

Эталон үлгісін өндіру үшін қорғаныш каскасын өлшеу мәндері

р/с №	Өлшем атауы	Каскалардың өлшем нормалары	
		I	II
1.	*А* корпусының биіктігі, артық емес	160	165
2.	Ішкі жарақтың тереңдігі *б*, кемінде	80	85
3.	Жиектердің ені *г*, артық емес	15	

4.	Күнқағардың ені *в*, артық емес	60
5.	Тік қауіпсіз саңылауы *е*	25-тен 50-ге дейін
6.	Каска корпусы мен көтергіш таспа арасындағы сақина саңылауы *д*	5-тен 20-ға дейін

Шикізатқа, материалдарға және сатып алынған өнімдерге қойылатын талаптар.
Физика-механикалық көрсеткіштер.

№ р/н	Материалдардың атауы	Ауытқу нормасы	Нормативтік-техникалық құжаттама (НТҚ)	Материалдардың арналуы
1	Беріктігі жоғары полиэтиленнен (HDPE), поликарбонаттан, пластиктен жасалған қатты қабық. Салмағы – 350 гр. <u>Негізгі сипаттамалары:</u> - 30дж энергиясы бар конустың перфорациясына төзімділік. - Касканың басқа беретін амортизациялық күш, каска корпусына кемінде 50 Дж энергиясы бар тік соққы кезінде 5 кН аспайды; - Электр өткізгіштік - 1200 в кернеу кезінде 1,2 мА кем; - Кем дегенде 50 Дж энергиясы бар тік соққыдан қорғау (механикалық беріктік). Корпуста жарықтар мен ойықтардың пайда болуына, корпустың қалтасынан суспензияның шығуына, сондай-ақ ішкі	+/- 5 %.	МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖ Қорғаныш каскалары. ЖТШ; МЕМСТ EN 397-2012 ЕҚСЖ Қорғаныш каскалары. ЖТТ; МЕМСТ 9733.4-83 Текстиль материалдар. Бояудың жууға төзімділігін сынау әдістері; МЕМСТ 9733.1-91 Текстиль материалдар. Бояудың жарыққа төзімділігін сынау әдістері; Тігістерге, сырма тігістерге және жапсар тігістерге қойылатын талаптар; МЕМСТ 23948-80 Қабылдау ережелері; МЕМСТ 30304-95 (ISO 4674-77) Резеңке немесе пластмассамен қапталған маталар	Қорғаныш каскасын дайындау үшін.

	жабдықтың тұтастығын бұзуға жол берілмейді; - 440 В дейінгі кернеудегі электр өткізгіштермен қысқа мерзімді байланыстан қорғау; - Каскаларды қолданудың температуралық диапазоны -50°С-тан +50°С-қа дейін;		Аршылуға төзімділігін айқындау МЕМСТ 30303-95 (ISO 1421-77) Резеңке немесе пластмассамен қапталған маталар Жыртылу жүктемесін және жыртылу кезіндегі ұзаруын айқындау	
2	Басқа материалдар мен сатып алынған өнімдер:	+/- 5%.	МЕМСТ 12.4.115-82 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі (ЕҚСЖ). Жұмыс істейтін адамдардың жеке қорғаныш құралдары. Таңбалауға қойылатын жалпы талаптар (N 1, 2 өзгерістерімен). МЕМСТ 12.4.011-89 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс істеушілердің қорғаныш құралдары. Жалпы талаптар және жіктеу. МЕМСТ 4103-82 Сапаны бақылау әдістері; МЕМСТ 10581-91 Таңбалау, тасымалдау, орау және сақтау;	
Ескертпе: Негізгі бөліктердің ұзындығы, өлшемі және егжей-тегжейі тапсырыс берушімен келісіледі.				

1.1.3. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ.

Қорғаныш каскасы.

Қорғаныш каскасы өндіруші кәсіпорындарда жиынтықталады.

1.1.4. ТАҢБАЛАНУЫ. ҚАПТАЛУЫ.

Әрбір касканың затбелгісі болуы керек, ол бұйымның өзіне немесе алып тастау қиын болатын затбелгіге салынады.

Ақпарат кез келген бедерлеу тәсілімен (оның ішінде бедерлеу, жібекбаспа, нақыштау, құю, қалыптау) не тікелей бұйымның өзіне немесе бұйымға бекітілген алып тастау қиын болатын затбелгіге өшпейтін бояумен жазылуы тиіс.

Ақпаратты пиктограмма түріндегі қолдануға жол беріледі, ол бұйымның қауіптілік көрсеткіштері немесе қолданылу саласы ретінде пайдаланыла алады. Ақпарат оңай оқылатын болуы тиіс, бұйымды сақтау, тасымалдау, өткізу және пайдалану кезінде сақтау мерзімі, қызмет ету мерзімі және (немесе) кепілдік мерзімі ішінде өшпестей төзімді болуы тиіс.

Таңбалануы түсінікті, оқуға оңай және қаптамасын шешпей-ақ тексеруге болатындай бұйымның (жапсырмасының) бетіне салынуы тиіс.

Қорғаныш қасиеттерін белгілеу - МЕМСТ 12.4.103 бойынша. МЕМСТ EN 340 бойынша қорғаныш қасиеттерін қорғау класын көрсете отырып белгілеуге жол беріледі.

Тапсырысшыға тапсырған кезде міндетті түрде тауарға мынадай таңбалауды ұсынуға тиіс:

Барлық каскалар орнықты таңбалануы керек – МЕМСТ МЕМСТ 397-2012 ЕҚСЖ Қорғаныш каскалары. ЖТШ, оларда мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) осы стандарттың нөмірі;
2) дайындаушының атауы немесе идентификаторы;
3) дайындаған жылы мен тоқсаны;
4) каска түрі (өндіруші тағайындаған белгі). Бұл түрі корпуста да, ішкі қондырғыда да көрсетілуі керек;
5) өлшемі немесе өлшемдер диапазоны (сантиметр). Бұл ақпарат корпуста да, ішкі жабдықта да көрсетілуі керек;
6) ISO 472 (ABS, PND, PC, PA және т.б.) сәйкес корпус материалының қысқартылған атауы.

Әрбір каскаға құйылған, бедерлі таңбалау немесе 3-кестеге сәйкес қосымша талаптарды қамтуы тиіс тұрақты жапсырма жапсырылуы тиіс

3-кесте

Қосымша талаптар бойынша таңбалау

қосымша талап	таңбалау/затбелгі
өте төмен температура	-20°C, -30°C, -40°C немесе -50°C (сәйкестігіне қарай)
өте жоғары температура	+ 150°C

электрлік қасиеттері	~ 440 В
бүйірлік деформация	БД
металл шашырауы	МШ

Әр каскаға мынадай нақты әрі толық мәліметтер қоса берілуі тиіс:

1) дайындаушының атауы және мекенжайы;
2) реттеу, кию, сақтау, қолдану, тазалау, дезинфекциялау, техникалық қызмет көрсету, жұмыс істеу және сақтау бойынша нұсқаулар немесе ұсыныстар. Тазалау, жұмыс күйінде ұстау немесе дезинфекциялау үшін ұсынылатын заттар каскаға қолайсыз әсер етпеуі немесе дайындаушының нұсқауларына сәйкес қолданған кезде каска киюшіге қандай да бір белгілі ықтимал зиянды әсер етпеуі тиіс;
3) тиісті қосымша керек-жарақтар және тиісті қосалқы бөлшектер туралы мәліметтер;
4) таңбалаудың мәні, сондай-ақ қандай да бір қолайсыз факторларға байланысты касканы пайдалануды шектеу туралы мәліметтер;
5) каска мен оның құрамдас бөліктерін пайдалану мерзімінің аяқталатын күні;
6) каска тасымалдау кезінде қолданылатын орау материалы туралы ақпарат.
7) белгіленген тәртіппен әзірленген және бекітілген пайдалану құжаттамасы.

Тауарды сертификаттың немесе сәйкестік декларациясының көшірмесімен міндетті түрде растау

Жеке қаптаманың болуы – міндетті. МЕМСТ 10581 сәйкес қаптама.

Каска тұтынушыға тасымалдау кезінде олардың сақталуын қамтамасыз ететін ыдыста жеткізілуі тиіс. Буып-түю материалдарына және буып-түю тәсіліне қойылатын талаптар нақты типтегі каскаларға арналған нормативтік құжаттарда белгіленеді.

Бұйымдардың орамасы тасымалдау және сақтау кезінде тауардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Әр қаптаманың алдыңғы жағында оралған бұйымдардың саны мен өлшемі көрсетілген орау жапсырмасы немесе орау парағы болуы тиіс.

1.1.5. ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.

Қорғаныш каскасы қауіпті немесе зиянды факторларды туындату көзі және пайдалану кезінде жазатайым оқиғалардың себебі болмауы керек.
Қорғаныш каскасын дайындауға арналған материалдар, жиынтықтаушы бұйымдар мен фурнитура санитариялық-химиялық, органолептикалық және токсикологиялық-гигиеналық көрсеткіштердің белгіленген нормативтеріне сәйкес келуге тиіс.
Қорғаныш каскасын кәдеге жарату тәсілдері қоршаған ортаға зиян келтірмеуі керек және оларды өндіруші айқындауы тиіс.

1.1.6. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР.

СТ РК ISO 14001-2016 «Экологиялық менеджмент жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық».

Осы стандарт ұйым өз қызметінің экологиялық нәтижелерін жақсарту үшін қолдана алатын экологиялық менеджмент жүйесіне қойылатын талаптарды белгілейді. Бұл стандарт экология

саласындағы жауапкершілігін жүйелі негізде басқаруға ұмтылатын ұйымның пайдалануына арналған.

1.1.7. БАҚЫЛАУ ӘДІСТЕРІ.

Бұйымдарды қабылдау – МЕМСТ 4103-82 «Тігін бұйымдары. Сапаны бақылау әдістері (№1 өзгеріспен)».
Дайын бұйымның сызықтық өлшемдерін бақылау құралдары: МЕМСТ 7502-98 «Металдан жасалған өлшеу рулеткалары. Техникалық шарттар».

1.1.8. ӨНДІРУШІНІҢ КЕПІЛДІГІ.

Өндіруші тұтынушы пайдалану құжаттамасында белгіленген тасымалдау, сақтау және пайдалану шарттарын сақтаған жағдайда, каскалардың дайындалған күннен бастап кемінде екі жыл мерзімге осы стандарттың талаптарына сәйкестігіне кепілдік беруі тиіс.
Төмен қысымды полиэтиленнен жасалған каскалардың жарамдылық мерзімі олар жасалған күннен бастап пайдаланудан алынғанға дейін мыналардан ұзақ болмауы тиіс:

1) 3 жыл – суық немесе ыстық климатта ашық ауада;
2) 3,5 жыл - қоңыржай климатта ашық ауада;
3) 4 жыл - металлургия өндірісінің ыстық цехтарында.

1.2. Металлургиялық өндірістің жылытылатын үй-жайларында шыны талшықтан жасалған каскалардың жарамдылық мерзімі - 3 жылдан аспайды.

1.1.9. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

1. МЕМСТ 12.4.128-83 ЕҚСЖ Қорғаныш каскалары. ЖТШ.
2. МЕМСТ EN 397-2012 ЕҚСЖ Қорғаныш каскалары. ЖТТ.
3. МЕМСТ 9733.4-83 Текстиль материалдар. Бояудың жууға төзімділігін сынау әдістері.
4. МЕМСТ 9733.1-91 Текстиль материалдар. Бояудың жарыққа төзімділігін сынау әдістері.
5. МЕМСТ ISO 3758 Текстиль бұйымдары. Күтім бойынша символдармен таңбалау.
6. МЕМСТ 4103 Тігін бұйымдары. Сапаны бақылау әдістері.
7. МЕМСТ 10581 Тігін бұйымдары. Таңбалау, орау, тасымалдау және сақтау.
8. МЕМСТ 11209 Арнайы киімге арналған маталар. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдісі.
9. МЕМСТ 12807 Тігін бұйымдары. Тігістердің, сырма тігістердің және жапсар тігістердің жіктелуі.
- құлақшын мен оның бөліктерінің пропорционалдығы.

Жұмсақ дулығаны түрлі модельдер мен конструкцияларда дайындайды: бүйірлерінде жырықтарымен, пелеринасымен, көз бен ауыз ашық қалатын, тек көздер ашық қалатын.

Жұмсақ дулыға бөлек, сондай-ақ тиісті НҚ талаптарына сәйкес дайындалған басқа да бұйымдармен бірге шығарылады.

Тоқыма жұмсақ дулыға сызбаларының негізін құруға арналған құрылымдық қосымдар.

2.-кесте. Жұмсақ дулыға ілмектерінің санын құрылымдық есептеу, см

р/с №	Тігістің еніне қосымша $К_1$	Материалдың қалыңдығына қосымша $К_2$	Терінің қалыңдығына қосымша $К_6$	Сәндік-құрылымдық қосым $К_7$	Механикалық немесе ылғалды-жылумен өңдеу кезінде ширатуға қосымша
1	0,5	1,0	0,8	1,0	0,6

Сыртқы түрі.

ҚОРҒАНЫШ КАСКА АСТЫНАН КИЕТІН ЖЫЛЫ ТОҚЫМА ЖҰМСАҚ ДУЛЫҒА.

Ерлерге арналған тоқыма жұмсақ дулыға, көзі ашық, бүйірінде 10,0 см жырықтары бар. Басты төмен температуралардан және механикалық әсерден қорғайтын стандартты модель, ыңғайлы, шыдас береді, бас пен мойынды жауып тұрады. Тегіс жапсар тігістер бұйымның ыңғайлы отыруына ықпал етеді. Алдыңғы ойығы тоқыма жиекпен өңделеді. Каска астына жұмсақ дулыға ретінде қолданылады.

Каска астынан киетін жұмсақ дулыға. Иірілген мақта жіптен жасалған жіңішке тоқыма жұмсақ дулыға – басты, бетті, мойынды желден қорғайтын әмбебап бас киім. Жұмсақ дулыға табиғи мақта матадан тігілген. Мұнай-газ өнеркәсібінде, сондай-ақ тау-кен өндірісінде жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін жұмсақ дулыға немесе ішкі бөрік ретінде пайдаланылады. Маска бетті жел, шаң, суық сияқты зиянды әсерлерден, жәндіктерден қорғайды, тек көзді ашық қалдырады. Маска берік, жақсы созылатын материалдан жасалған. Жоғарғы жағы екі бөліктен тұрады. Жұмсақ дулығаның шеттері мен көз аймағы қиғаш жиекпен өңделеді. Төрт жіпті оверлокпен өңделген тегіс тігістердің болуы каска астарымен максималды жанасуға мүмкіндік береді. Тегіс тігістер теріні қажамайды, ал анатомиялық пішілуі бас пен беттің контурына қонымды. Тығыздығы жеткілікті болатын материал иек пен мойынды каска бауының қажауынан қорғайды және бастың бүкіл аймағында біркелкі орналасады, сонымен қатар тіпті ұзақ уақыт киілген кезде де матасы сырғымайды, бұралып қалмайды. Ерекшеліктері: * тыныс алу және ылғалды бақылау; * көзге арналған ойық; * Өлшем санаты: ересектер үшін; Матаның құрамы: тоқыма мата жіңішке тығыз тоқыма 155-160 гр/м, 100% м/м. МЕМСТ 32118-2013. МЕМСТ 15.004-88.Бұйымның материалы сапасына сәйкес болуы керек және ешқандай ақаулары болмауы керек (қатпарлану, қыртыстану, тақырлану, көп қылшық, жыртылу, икемділігі мен жұмсақтығының жоғалуы, қатты, сынғыштық, борпылдақ, бұйралану, қампаю, ысылып қалу, деформация, пішінінің жойылуы, матасындағы "түйнектер" және басқа ақаулар). Қолданылатын жіптер, бұйымның тігістері де сапалы, берік, төзімді болуы тиіс, яғни сан рет созылуға төзімді, қажалуға төзімді болуы керек, тігіс ақаулары болмауы керек (түзу тігілмеу, қисық кеткен тігіс сызығы, тігістің шығыңқы жіптері, тігілмей қалған жерлері, өткізіп алған тігістер, әлсіз (немесе тым тартылған) тігіс және басқа ақаулар). Бұйымның материалы зиянды заттар бөлмеуі тиіс, санитарлық-химиялық, органолептикалық және токсикологиялық-гигиеналық көрсеткіштерге сәйкес келуі керек, қолдануға (киіп жүруге) ыңғайлы болуы керек және жұмыс кезінде қызметкердің қимылын шектемеуі керек. Жұмсақ дулыға өлшемі – 58
Жұмсақ дулығаның ұзындығы – 45,0 см.

1.5.2. ДАЙЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.

Тоқыма жұмсақ дулыға осы стандарттың талаптарына, бұйымға арналған техникалық құжаттамаға сәйкес, стандартты қабылдаған мемлекеттің аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық актілердің талаптары сақтаЛА отырып дайындалады.

Бас киімнің өлшемі адамның басының айналымына сәйкес келетін ішкі шеңбердің ұзындығымен сантиметрмен айқындалады. Бастың айналымы шүйденің ең шығыңқы нүктесі мен маңдайдың ортасы арқылы өлшенеді. Өлшеу таспасын алдыңғы жағынан тұйықтау керек.

Белгіленген сызықтық өлшемдерден рұқсат етілген ауытқулар мыналардан аспауы тиіс:
- ұзындығы бойынша - ±2,0 см;
- ені бойынша - ±1,0 см.

Жұмсақ дулығаның өлшеу мәндері модельдің техникалық сипаттамасында көрсетілуі тиіс.

Қысқы тоқыма жұмсақ дулығаның түйіспе тігістері тігістерге, сырма тігістерге және жапсар тігістерге қойылатын талаптар бойынша тігілуі тиіс - МЕМСТ 29122.



1-сурет.
Қорғаныш каска астынан киетін жылы тоқыма жұмсақ дулыға.

Эталон үлгісін өндіру үшін тоқыма жұмсақ дулығаның өлшеу мәндері.
Эталон үлгінің өлшемі: модельді әзірлеу кезінде ерлер бас киімінің үлгілік өлшемі – 58-өлшем болып қабылданды.

3-кесте
Эталон үлгісін өндіру үшін тоқыма жұмсақ дулығаның өлшеу мәндері.

Сызбадағы өлшеу нөмірі	Өлшем атауы	Өлшемі					Рұқсат етілетін ауытқу
		54	56	58	60	62	
1.	Ішкі шеңбер ұзындығы	55,0	57,0	59,0	61,0	63,0	+1,0
2.	Жұмсақ дулыға ұзындығы	40,8	41,4	42,0	42,6	43,2	±0,3

Шикізатқа, материалдарға және сатып алынған өнімдерге қойылатын талаптар.
Физика-механикалық көрсеткіштер.

р/с №	Материалдар құжаттамасының атауы (МҚА)	Ауытқу нормасы	Нормативтік техникалық	Материалдардың арналуы

1	Тоқыма мата, Иірілген жіптің құрамы: Мақта - 100% м/м	+/- *5 %.*	МЕМСТ 28554-90 Тоқыма мата. Жалпы техникалық талаптар (түзетілген)	үстіңгі бөліктерді дайындауға арналған материал
2	Тоқыма мата, жұқа тығыз тоқыма 155-160 гр/м.	+/- *5 %.*	КО ТР 019/2011. Жеке қорғаныш құралдарының кедендік техникалық регламент қауіпсіздігі туралы Кеден одағының техникалық регламенті (2019 жылғы 28 мамырдағы өзгерістермен) МЕМСТ 32118-2013.Бас киімдер. Жалпы техникалық шарттар. МЕМСТ 15.004-88 Бұйымды әзірлеу және өндіріске қою жүйесі. Жеке қорғаныш құралдары.	
3	Басқа материалдар мен сатып алынған өнімдер: Иірілген жіп, тоқыма мата	+/- *5 %.*	МЕМСТ 33378-2015; Тоқыма бас киімдер. Жалпы техникалық шарттар. МЕМСТ 9176-87 Тоқыма бұйымдар. Тігістерді сынау әдістері МЕМСТ 12.4.115-82 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі (ЕҚСЖ). Жұмыс істейтін адамдардың жеке қорғаныш құралдары. Таңбалауға қойылатын жалпы талаптар (N 1, 2 өзгерістерімен). МЕМСТ 12.4.011-89 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының	

			жүйесі. Жұмыс істеушілердің қорғаныш құралдары. Жалпы талаптар және жіктеу. МЕМСТ 4103-82 Сапаны бақылау әдістері; МЕМСТ 10581-91 Таңбалау, тасымалдау, орау және сақтау;	
Ескертпелер: *Беттік тығыздығы бойынша, шикізат құрамы бойынша рұқсат етілген ауытқулар ±5%* *Астардың, жіптердің, фурнитураның түсі негізгі материалдың түсімен үйлесуі керек. Негізгі бөліктердің ұзындығы, өлшемі және егжей-тегжейі тапсырыс берушімен келісіледі.*				

1.5.3 ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ.

Қорғаныш каска астынан киетін жылы тоқыма жұмсақ дулыға.
Тоқыма жұмсақ дулыға өндіруші кәсіпорындарда жиынтықталады.

1.5.4. ТАҢБАЛАНУЫ. ҚАПТАЛУЫ.

Әрбір жұмсақ дулыға таңбалануы керек, ол бұйымның өзіне немесе алып тастау қиын болатын затбелгіге салынады.

Ақпарат кез келген бедерлеу тәсілімен (оның ішінде бедерлеу, жібекбаспа, нақыштау, құю, қалыптау) не тікелей бұйымның өзіне немесе бұйымға бекітілген алып тастау қиын болатын затбелгіге өшпейтін бояумен жазылуы тиіс.

Ақпарат оңай оқылатын болуы тиіс, жұмсақ дулыға сақтау, тасымалдау, өткізу және пайдалану кезінде сақтау мерзімі, қызмет ету мерзімі және (немесе) кепілдік мерзімі ішінде өшпестей төзімді болуы тиіс.

Тұтынушыға арналған ақпарат бұйымның әрбір бірлігінде қаптамасында (ыдысында), затбелгісінде, жапсырмасында, құжаттарында, жадынамаларында (қосымша парақтарда, ақпараттық парақтарда) оқуға (танысуға) ыңғайлы орнында орналастырылады.

Тұтынушы үшін жұмсақ дулыға сәйкестігін растау ақпаратын дайындаушы және (немесе) уәкілетті дайындаушы тұлға және (немесе) импорттаушы мынадай түрде береді:

- стандарттау жөніндегі қолданыстағы құжаттарға сәйкес салынған сәйкестік белгісі (бар болса);
- өніммен бірге жүретін Заңға сәйкес сәйкестік сертификаты (сәйкестік сертификатының көшірмесі) немесе сәйкестік декларациясы (сәйкестік декларациясының көшірмесі)». *(Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 21 мамырдағы № 348-НК бұйрығымен бекітілген «Өнімді таңбалауға қойылатын талаптар» техникалық регламенті көзделген).*

Таңбалануы түсінікті, оқуға оңай және қаптамасын шешпей-ақ тексеруге болатындай жұмсақ дулығаның (жапсырмасының) бетіне салынуы тиіс.

Тапсырысшыға тапсырған кезде міндетті түрде тауарға мынадай таңбалауды ұсынуға тиіс:

1. Жұмсақ дулығаның теріс жағына күтім мен өлшем белгілері көрсетілген бояу таңба салынады.

2. Дайындаушы зауыттың логотипі мен атауы, мекенжайы, бұйымның атауы, стандарттың нөмірі, бас айналымының өлшемі, моделі, шығарылған күні көрсетілген дайындаушы зауыттың ілмекті қағаз жапсырмасы жеткізушінің ТББ (техникалық бақылау бөлімі) бақылаушысының белгісі қойылып, жұмсақ дулығаның шетіне бекітіледі (*МЕМСТ 10581-91 стандартында 1.2-тармақ - бас киімдерді таңбалау 1-кесте 31-позиция - Басты қорғау құралдары - дулығалар, жұмсақ дулығалар, бөріктер, береттер, қалпақтар - жапсырма бұйымның шетіне бекітіледі; бұйымның теріс жағына күтім мен өлшем белгілерін көрсете отырып, бояу таңба қойылады. Картон жапсырмасы болмаған жағдайда (бас киімде қолданудың орынсыздығына байланысты) барлық ақпаратты мата жапсырмасына салуға болады.)*

Жеке қаптаманың болуы – міндетті. МЕМСТ 10581-ге сәйкес қаптама (бас киім бөлігінде).

Бұйымдардың орамасы тасымалдау және сақтау кезінде тауардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Әр қаптаманың алдыңғы жағында оралған бұйымдардың саны, түсі мен өлшемі көрсетілген орау жапсырмасы немесе орау парағы болуы тиіс.

1.5.5. ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.

Тоқыма жұмсақ дулыға қауіпті немесе зиянды факторларды туындату көзі және пайдалану кезінде жазатайым оқиғалардың себебі болмауы тиіс.

Тоқыма жұмсақ дулығаны дайындауға арналған материалдар, жиынтықтаушы бұйымдар мен фурнитура санитариялық-химиялық, органолептикалық және токсикологиялық-гигиеналық көрсеткіштердің белгіленген нормативтеріне сәйкес келуге тиіс.

Тоқыма жұмсақ дулығаны кәдеге жарату тәсілдері қоршаған ортаға зиян келтірмеуі керек және оларды өндіруші айқындауы тиіс.

1.5.6. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР.

СТ РК ISO 14001-2016 «Экологиялық менеджмент жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық».

Осы стандарт ұйым өз қызметінің экологиялық нәтижелерін жақсарту үшін қолдана алатын экологиялық менеджмент жүйесіне қойылатын талаптарды белгілейді. Бұл стандарт экология саласындағы жауапкершілігін жүйелі негізде басқаруға ұмтылатын ұйымның пайдалануына арналған.

1.5.7. БАҚЫЛАУ ӘДІСТЕРІ.

Бұйымдарды қабылдау – МЕМСТ 4103-82 «Тігін бұйымдары. Сапаны бақылау әдістері (№1 өзгеріспен)».

Дайын бұйымның сызықтық өлшемдерін бақылау құралдары: МЕМСТ 7502-98 «Металдан жасалған өлшеу рулеткалары. Техникалық шарттар».

1.5.8. ӨНДІРУШІНІҢ КЕПІЛДІГІ.

Тұтынушы тасымалдау, сақтау талаптары мен пайдалану жөніндегі нұсқауларды сақтаған кезде жұмсақ дулығаға мынадай кепілдік мерзімі белгіленеді:

пайдалану – белгіленген тәртіппен бекітілген салалық нормаларға сәйкес;

сақтау - өндірушінің техникалық құжаттамасында белгіленген нормативтерге сәйкес.

1.5.9. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР.

1. МЕМСТ 32118-2013.Бас киімдер. Жалпы техникалық шарттар.
2. МЕМСТ 15.004-88 Бұйымды әзірлеу және өндіріске қою жүйесі. Жеке қорғаныш құралдары.
3. МЕМСТ 33378-2015; Тоқыма бас киімдер. Жалпы техникалық шарттар.
4. МЕМСТ ISO 3758 Текстиль бұйымдары. Күтім бойынша символдармен таңбалау.
5. МЕМСТ 4103 Тігін бұйымдары. Сапаны бақылау әдістері.
6. МЕМСТ 10581 Тігін бұйымдары. Таңбалау, орау, тасымалдау және сақтау.
7. МЕМСТ 12807 Тігін бұйымдары. Тігістердің, сырма тігістердің және жапсар тігістердің жіктелуі.
8. МЕМСТ 22977 Тігін бұйымдарының бөліктері. Терминдер мен анықтамалар
9. МЕМСТ 23948 Тігін бұйымдары. Қабылдау ережесі.
10. МЕМСТ 29122 Жеке қорғаныш құралдары. Тігістерге, сырма тігістерге және жапсар тігістерге қойылатын талаптар.
11. МЕМСТ 31399 Киім жобалау үшін бойлары, өлшемдері және толықтық топтары бойынша ерлердің типтік фигураларының жіктелуі.

МЕМСТ 15.007 - 88 Бұйымды әзірлеу және өндіріске қою жүйесі. Жеңіл өнеркәсіп өнімдері. Негізгі ережелер.

1.6. ЖАЗҒЫ КЕПКІ

Модель атауы: жазғы кепкі.
Арналуы: маусымдық пайдалану үшін жалпы өндірістік ластанудан, ауа температурасының жоғарылауынан, бірінші қабат киімге жатады.

1.6.1. ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

Негізгі параметрлері мен сипаттамалары.

Өндірілетін фирмалық кепкінің түрлері - МЕМСТ 12.4.011-89 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі (ЕҚСЖ). Жұмыс істеушілердің қорғаныш құралдары. Жалпы талаптар және жіктеу.

Жазғы кепкі МЕМСТ бойынша жіктемелерге сәйкес ерлердің типтік өлшемдеріне дайындалады:

- МЕМСТ 31399-2009 Киім жобалау үшін бойлары, өлшемдері және толықтық топтары бойынша ерлердің типтік фигураларының жіктелуі.

1-кесте

Ерлердің бас киімдерінің типтік өлшемдері

Бас киімдер	Өлшемдері
Ерлер	54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61,62,63,64
Ескертпе: 1. *1-кестеде көзделмеген басқа өлшемдегі бас киімдер тұтынушының келісімі бойынша дайындалады.*	

2. *Өлшемін реттейтін бөліктері бар бас киімдерді дайындауға рұқсат етіледі.*

Эргономиялық талаптар.

Жазғы кепкіні әзірлеу кезінде стандарт бойынша мыналарды қамтамасыз ететін эргономикалық талаптар сақталуы тиіс: МЕМСТ EN 340-2012 «Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі (ЕҚСЖ). Арнайы қорғаныш киімдері. Жалпы техникалық талаптар (түзетулермен)":

- бұйымды және оның жеке элементтерін пайдалану ыңғайлылығы;
- бөліктер мен тораптардың функционалдық орналасуы;
- метеорологиялық жағдайлар немесе дене белсенділігі деңгейі өзгерген кезде қоршаған ортамен жылу алмасуды реттеу мүмкіндігі;
- бұйымның (бөліктердің, түйіндердің) дене бетіне орналасуын реттеу мүмкіндігі;
- фирмалық кепкінің және оның бөліктерінің пропорционалдығы;
- мойын, қолтық ойығы, қадамдық жапсар тігістер аймағында қалыңдықтың төмендеуі.

Жазғы кепкі сызбаларының негізінқұруға арналған құрылымдық қосымдар.

2-кесте

Жазғы кепкедегі құрылымдық қосымдар, см

р/с №	Тігістің еніне қосымша $К_1$	Материалдың қалыңдығына қосымша $К_2$	Сәндік-құрылымдық қосым $К_7$	Механикалық немесе ылғалды-жылумен өңдеу кезінде ширатуға қосымша
1	1,0	1,0	1,5	0,6

Сыртқы түрі.

ЖАЗҒЫ КЕПКІ.

Қақпақ 4 сынадан, күнқағардан және өлшемін реттеуге арналған түймеліктен тұрады.

Алдыңғы сына фронтальды бөліктің ортасында бүкпемен, пішінге төзімділік беру үшін желіммен қапталған.

Бүйірлік және артқы сыналарда 6 желдеткіш саңылау жасалады. Артқы жағындағы барлық тігістер ені 1,0 см өріммен жабылған және әр жағынан 0,1 см тігіспен тігілген.

Күнқағарға жиегінен 1,5 см қашықтықта үш әрлеу тігісі бар, тігістер арасындағы қашықтық 0,7 см.

Кепкінің артқы жартысында өлшемін реттеуге арналған түймелік бар, ені 1,9 см және ұзындығы 12,0 см, оң жағында ені 2,5 см темір ілгегі бар ілмек бар.

Сыналардың түйісу сызығы диаметрі 1,5 см металл тойтармамен жабылған.

Кепкінің төменгі жағы үш қатар сырып тігілген флизелинмен жиектерін торлап өңделеді. Кепкінің төменгі жағының алдыңғы жағында 0,2 см әрлеу тігісі бар.

1.6.2. ДАЙЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.

Жазғы кепкі осы стандарттың талаптарына, бұйымға арналған техникалық құжаттамаға сәйкес, стандартты қабылдаған мемлекеттің аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық актілердің талаптары сақтаЛА отырып дайындалады.

Механикалық әсерден және жоғары температурадан қорғау үшін маусымдық кию үшін қолданылатын жазғы кепкінің қасиеттері.

Жазғы кепкінің жоғарғы бөлігінің қосқыш тігістерінің жыртылу жүктемесі кемінде 250 Н болуы тиіс.

Жазғы кепкі бөліктерінің түйіспе тігістері арқаулы жіптермен тігілуі тиіс. Тігістерге, сырма тігістерге және жапсар тігістерге қойылатын талаптар - МЕМСТ 29122.



1-сурет.

2-сурет.



3-сурет.

ЭТАЛОН үлгісін өндіру үшін фирмалық қақпақтың өлшеу мәндері.

Эталон үлгінің өлшемі: модельді әзірлеу кезінде ерлер бас киімінің үлгілік өлшемі – 58-өлшем болып қабылданды.

3-кесте

ЭТАЛОН үлгісін өндіру үшін фирмалық қақпақтың өлшеу мәндері

р/с №	Өлшем атауы	Өлшемі					Бұйымдар үшін
		54	56	58	60	62	
1	Ішкі шеңбер ұзындығы	55,0	57,0	59,0	61,0	63,0	+1,0
2	Кепкі сынасының ұзындығы	14,0	14,6	15,0	15,6	16,2	±0,3
3	Күнқағардың ортаңғы ұзындығы	6,7	7,1	7,5	7,9	8,4	±0,2
4	Реттелетін белдікшенің ені	1,5	1,7	1,9	2,1	2,3	±0,2
5	реттелетін белдікшенің ұзындығы	10,5	11,5	12,5	13,5	14,5	

Шикізатқа, материалдарға және сатып алынған өнімдерге қойылатын талаптар.

Физика-механикалық көрсеткіштер.

р/с №	Материалдардың атауы	Ауытқу нормасы	Нормативтік-техникалық құжаттама (НТҚ)	Материалдардың арналуы
1	Үстіңгі мата: ПЭ – 65% мақта - 35 %	*±5%*	МЕМСТ 32118-2013 Бас киімдер. Жалпы техникалық шарттар /	үстіңгі бөліктерді дайындауға арналған материал
2	Беттік тығыздығы 220 г\м^2	*±5%*	МЕМСТ 25617-83 Зығыр, жартылай зығыр, мақта және аралас маталар мен бұйымдар. Химиялық сынау әдістері	
3	Арқаулы көк түсті жіптер N 44лх-1	*±5%*	МЕМСТ 4103-82 Тігін бұйымдары. Сапаны бақылау әдістері. МЕМСТ 10581-91 Тігін бұйымдары. Таңбалау, орау, тасымалдау және сақтау. МЕМСТ 23948-80 Тігін бұйымдары. Қабылдау ережесі	фирмалық кепкі дайындау үшін
	Басқа материалдар мен	*±5%*	МЕМСТ 29122-91 Жеке қорғаныш құралдары. Тігістерге, сырма	

	сатып алынған өнімдер: күнқағар. кепкі өлшемін реттегішке арналған темір сақиналар		тігістерге және жапсар тігістерге қойылатын талаптар. МЕМСТ 12.4.115-82 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі (ЕҚСЖ). Жұмыс істейтін адамдардың жеке қорғаныш құралдары. Таңбалауға қойылатын жалпы талаптар (N 1, 2 өзгерістерімен). МЕМСТ 12.4.011-89 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс істеушілердің қорғаныш құралдары. Жалпы талаптар және жіктеу. МЕМСТ 29150-91 «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарына арналған фурнитура. Бақылау әдістері». МЕМСТ 6309-93 «Мақта және синтетикалық тігін жіптері».	
Ескертпелер: Беттік тығыздығы бойынша, шикізат құрамы бойынша рұқсат етілген ауытқулар ±5% *Астардың, жіптердің, фурнитураның түсі негізгі материалдың түсімен үйлесуі керек. Негізгі бөліктердің ұзындығы, өлшемі және егжей-тегжейі Тапсырыс берушімен келісіледі.*				

1.6.3. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

Жазғы кепкі.

Жазғы кепкі өндіруші кәсіпорындарда жиынтықталады.

1.6.4. ТАҢБАЛАНУЫ. ҚАПТАЛУЫ.

Әрбір жазғы кепкінің затбелгісі болуы керек, ол бұйымның өзіне немесе алып тастау қиын болатын затбелгіге салынады.

Ақпарат кез келген бедерлеу тәсілімен (оның ішінде бедерлеу, жібекбаспа, нақыштау, құю, қалыптау) не тікелей бұйымның өзіне немесе бұйымға бекітілген алып тастау қиын болатын затбелгіге өшпейтін бояумен жазылуы тиіс.

Ақпарат оңай оқылатын болуы тиіс, бұйымды сақтау, тасымалдау, өткізу және пайдалану кезінде сақтау мерзімі, қызмет ету мерзімі және (немесе) кепілдік мерзімі ішінде өшпестей төзімді болуы тиіс.

Тұтынушыға арналған ақпарат бұйымның әрбір бірлігінде қаптамасында (ыдысында), затбелгісінде, жапсырмасында, құжаттарында, жадынамаларында (қосымша парақтарда, ақпараттық парақтарда) оқуға (танысуға) ыңғайлы орнында орналастырылады.

Тұтынушы үшін жазғы кепкінің сәйкестігін растау ақпаратын дайындаушы және (немесе) уәкілетті дайындаушы тұлға және (немесе) импорттаушы мынадай түрде береді:

- стандарттау жөніндегі қолданыстағы құжаттарға сәйкес салынған сәйкестік белгісі (бар болса);

- Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 21 мамырдағы № 348-НҚ бұйрығымен бекітілген «Өнімді таңбалауға қойылатын талаптар» техникалық регламентіне сәйкес сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік декларациясы *көзделген.*

Таңбалануы түсінікті, оқуға оңай және қаптамасын шешпей-ақ тексеруге болатындай жұмсақ дулығаның (жапсырмасының) бетіне салынуы тиіс.

Тапсырысшыға тапсырған кезде міндетті түрде тауарға мынадай таңбалауды ұсынуға тиіс:

1. Тапсырыс берушінің келісімі бойынша жұмсақ дулығаның терісс жағына күтім мен өлшем белгілері көрсетілген бояу таңба салынады.

2. Дайындаушы зауыттың логотипі мен атауы, мекенжайы, бұйымның атауы, стандарттың нөмірі, бас айналымының өлшемі, моделі, шығарылған күні көрсетілген дайындаушы зауыттың ілмекті қағаз жапсырмасы жеткізушінің ТББ (техникалық бақылау бөлімі) бақылаушысының белгісі қойылып, фирмалық кепкінің шетіне бекітіледі (МЕМСТ 10581-91 стандартында 1.2-тармақ - бас киімдерді таңбалау 1-кесте 31-позиция - Басты қорғау құралдары - дулығалар, жұмсақ дулығалар, бөріктер, береттер, қалпақтар - жапсырма бұйымның шетіне бекітіледі; бұйымның теріс жағына күтім мен өлшем белгілерін көрсете отырып, бояу таңба қойылады. Картон жапсырмасы болмаған жағдайда (бас киімде қолданудың орынсыздығына байланысты) барлық ақпаратты мата жапсырмасына салуға болады.)

Жеке қаптаманың болуы – міндетті. Қаптама сәйкестігі: МЕМСТ 10581 (арнайы киім бөлігінде).

Бұйымдардың орамасы тасымалдау және сақтау кезінде тауардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Әр қаптаманың алдыңғы жағында оралған бұйымдардың саны мен өлшемі көрсетілген орау жапсырмасы немесе орау парағы болуы тиіс.

1.6.5. ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.

Жазғы кепкі қауіпті немесе зиянды факторларды туындату көзі және пайдалану кезінде жазатайым оқиғалардың себебі болмауы тиіс.

Жазғы кепкі дайындауға арналған материалдар, жиынтықтаушы бұйымдар мен фурнитура санитариялық-химиялық, органолептикалық және токсикологиялық-гигиеналық көрсеткіштердің белгіленген нормативтеріне сәйкес келуге тиіс.

Жазғы кепкіні кәдеге жарату тәсілдері қоршаған ортаға зиян келтірмеуі керек және оларды өндіруші айқындауы тиіс.

1.6.6. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР.

СТ РК ISO 14001-2016 «Экологиялық менеджмент жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық».

Осы стандарт ұйым өз қызметінің экологиялық нәтижелерін жақсарту үшін қолдана алатын экологиялық менеджмент жүйесіне қойылатын талаптарды белгілейді. Бұл стандарт экология саласындағы жауапкершілігін жүйелі негізде басқаруға ұмтылатын ұйымның пайдалануына арналған.

1.6.7. БАҚЫЛАУ ӘДІСТЕРІ.

Бұйымдарды қабылдау – МЕМСТ 4103-82 «Тігін бұйымдары. Сапаны бақылау әдістері (№1 өзгеріспен)».

Дайын бұйымның сызықтық өлшемдерін бақылау құралдары: МЕМСТ 7502-98 «Металдан жасалған өлшеу рулеткалары. Техникалық шарттар».

1.6.8. ӨНДІРУШІНІҢ КЕПІЛДІГІ.

Тұтынушы тасымалдау, сақтау талаптары мен пайдалану жөніндегі нұсқауларды сақтаған кезде фирмалық кепкіге мынадай кепілдік мерзімі белгіленеді:

пайдалану – белгіленген тәртіппен бекітілген салалық нормаларға сәйкес;

сақтау - өндірушінің техникалық құжаттамасында белгіленген нормативтерге сәйкес.

1.6.9. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР.

1. МЕМСТ 32118-2013 Бас киімдер. Жалпы техникалық шарттар.
2. МЕМСТ 12.4.031 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жеке қорғаныш құралдары. Сұрыптылық айқындау.
3. МЕМСТ EN 340 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Арнайы қорғаныш киімдері. Жалпы техникалық талаптар.
4. МЕМСТ ISO 3758 Текстиль бұйымдары. Күтім бойынша символдармен таңбалау.
5. МЕМСТ 4103 Тігін бұйымдары. Сапаны бақылау әдістері.
6. МЕМСТ 10581 Тігін бұйымдары. Таңбалау, орау, тасымалдау және сақтау.
7. МЕМСТ 29122-91 Жеке қорғаныш құралдары. Тігістерге, сырма тігістерге және жапсар тігістерге қойылатын талаптар.
8. МЕМСТ 11209 Арнайы киімге арналған маталар. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдісі.
9. МЕМСТ 12807 Тігін бұйымдары. Тігістердің, сырма тігістердің және жапсар тігістердің жіктелуі.
10. МЕМСТ 20489 Киім тігу материалдары. Жиынтық жылу кедергісін айқындау әдісі.
11. МЕМСТ 20521 Тігін өндірісі технологиясы. Терминдер мен анықтамалар.
12. МЕМСТ 22977 Тігін бұйымдарының бөліктері. Терминдер мен анықтамалар
13. МЕМСТ 23948 Тігін бұйымдары. Қабылдау ережесі.
14. МЕМСТ 29122 Жеке қорғаныш құралдары. Тігістерге, сырма тігістерге және жапсар тігістерге қойылатын талаптар.
15. МЕМСТ 31399 Киім жобалау үшін бойлары, өлшемдері және толықтық топтары бойынша ерлердің типтік фигураларының жіктелуі.
16. МЕМСТ 15.007 - 88 Бұйымды әзірлеу және өндіріске қою жүйесі. Жеңіл өнеркәсіп өнімдері. Негізгі ережелер.

1.7 Тері бөрік

Модель атауы: тері бөрік.

Арналуы: маусымдық пайдалану үшін және бірінші қабат киімге жатады, мыналардан қорғайды:

- З - жалпы өндірістік ластанудан;
- Ми - қажалудан;
- Тн - ауа температурасының төмендеуінен.

Бөріктер арналуы бойынша қорғаныш қасиеттеріне қарай мынадай кіші топтарға бөлінуі мүмкін:

- Жалпы өндірістік ластанудан (З), соның ішінде санитарлық және жеңіл ластанулардан (Зо) қорғайтын бас киім;
- Қозғалмалы механизм бөліктерінің ұстап қалу механикалық әсерінен қорғайтын бас киім (Мд);
- Механикалық қажалу әсерінен қорғайтын бас киім (Ми);
- Тесілу мен кесілудің механикалық әсерінен қорғайтын бас киім (Мп).

Өндірістік ортаның бірнеше зиянды және қауіпті факторларының бір мезгілде әсер ету жағдайында пайдалануға арналған бас киім барлық мәлімделген зиянды (қауіпті) өндірістік факторлардан тиімді қорғанышты қамтамасыз етуге тиіс.

1.7.1. ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

Негізгі параметрлері мен сипаттамалары.

Өндірілетін бөрік түрлері - МЕМСТ 32118-2013. Жалпы техникалық шарттар.

Бас киім МЕМСТ бойынша жіктемелерге сәйкес ерлердің типтік фигураларына дайындалады:

- МЕМСТ 31399-2009 Киім жобалау үшін бойлары, өлшемдері және толықтық топтары бойынша ерлердің типтік фигураларының жіктелуі.

Ерлер құлақшындарының типтік өлшемдері

Бас киімдер	Өлшемдері
Ерлер	54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61,62,63,64
Ескертпе: *1. 1-кестеде көзделмеген басқа өлшемдегі бас киімдер тұтынушының келісімі бойынша дайындалады.* *2. Өлшемді реттейтін бөліктері бар бас киімдерді дайындауға рұқсат етіледі.*	

Бас киімнің өлшемі адамның басының айналымына сәйкес келетін ішкі шеңбердің сантиметрімен айқындалады.
Бастың айналымы шүйденің ең шығыңқы нүктесі мен маңдайдың ортасы арқылы өлшенеді. Таспа алдыңғы жағынан тұйықталуы керек.

Өлшемдердің пайыздық арақатынасы тапсырыстар кезінде айқындалады және оны тұтынушы (сауда ұйымы) өндірушімен келісе отырып өзгерте алады.

Бұйым өлшемдерінің абсолютті мәндері модельдің техникалық сипаттамасында көрсетілуі керек.

Бас киімнің сызықтық өлшеу мәндерінің номиналды мәндерінен шекті ауытқулар мынадай болуы керек:

1-кесте

Бөріктің сызықтық өлшеу мәндерінің номиналды мәндерінен шекті ауытқулар

р/с №	Өлшеу орындарының атауы	Бұйымдар үшін рұқсат етілген ауытқу	
		түкті материалдардан басқа барлық	түкті материалдардан және

		материалдардан жасалғандар	қалыпталып жасалғандар
1	Ішкі шеңбер ұзындығы	±0,5	±0,5
2	Түбінің ұзындығы	±0,3	±0,6
3	Түбінің ені	±0,3	±0,6
4	Қабырға биіктігі	±0,2	±0,5
5	Күнқағардың ортаңғыені	±0,3	±0,5
6	Жиектердің ені	±0,3	±0,5
7	Маңдайша қаңқасының, жартылай маңдайша қаңқасының, баудың ені	±0,2	-
8	Бүйір биіктігі	±0,3	±0,5
9	Сына ұзындығы	±0,3	±0,5
10	Маңдайдың биіктігі	±0,2	±0,5
11	Жиектердің,күнқағардың немесе жиектердің ені	±0,2	±0,2

Тері бөріктің мөлшері адамның басының өлшеміне сәйкес келуі керек.

Эргономиялық талаптар.

Дайын тері бөріктер сыртқы түрі, өлшемі және дайындалу сапасы бойынша осы стандарттың талаптарына, модельдің техникалық сипаттамасына және МЕМСТ 15.007 "Өнімді әзірлеу және өндіріске қою жүйесі. Жеңіл өнеркәсіп өнімдері" бойынша бекітілген үлгі-эталонға сәйкес келуі тиіс. Негізгі ережелер:

- тері бөріктің пайдалану ыңғайлылығы;
- бөліктер мен тораптардың функционалдық орналасуы;
- метеорологиялық жағдайлар немесе дене белсенділігі деңгейі өзгерген кезде қоршаған ортамен жылу алмасуды реттеу мүмкіндігі;
- тері бөрік пен оның бөліктерінің пропорционалдығы.

Тері бөрік сызбаларының негізін құруға арналған құрылымдық қосымдар.

Тері бөріктегі құрылымдық қосымдар, см

р/с №	Тігістің еніне қосымша $К_1$	Материалдың қалыңдығына қосымша $К_2$	Терінің қалыңдығына қосымша $К_6$	Сәндік-құрылымдық қосым $К_7$	Механикалық немесе ылғалды-жылумен өңдеу кезінде ширатуға қосымша
1	0,5	1,0	0,8	1,0	0,6

Сыртқы түрі.

ТЕРІ БӨРІК.

Ерлер тері бөркі жасанды теріден жасалған, қайырмалы, көгілдір түсті.

Тері бөрік орталық бөліктерден, бүйірлерден, күнқағардан, желкелік пен құлаққаптан тұрады, құлаққаптардың ұштарына байлау үшін өрім тігілуі керек. Алдыңғы күнқағар, құлаққап және желкелік - жасанды теріден дайындалған. Бастың айналымы бекітпесі бар серпімді баумен реттеледі.

Бастың айналасын реттеуді ескере отырып, бас киімдер екі аралық өлшемге жасалуы мүмкін.

А түрі. Жылы астардың бөліктері биіктігі бойынша параллель тігістермен сырып тігілген, олардың арасындағы қашықтық 2,0-2,5 см. Құлаққап жартылай желкелікпен тұтас пішілген.

Шеңбер әр жағынан төрт параллель тігіспен қапталған, ортасында 3,5-4,5 см қиық түзеді; тігістер арасындағы қашықтық 1,0-1,4 см болуы керек.

Жылы астар сегментінің ұштары ені 0,2-0,3 см тігіспен жалғанған. Қосалқы бөліктер қалпақпен ені 0,5-0,6 см болатын тігіспен жалғануы керек.

Желкеліктің ортаңғы жапсар тігісі қалпақтың орталық тігісімен үйлестірілген.

Күнқағар құлаққаптарға төменгі жағынан биіктігі 0,8-1,0 см қыстырғыштармен қосылған.

Күнқағар қалпаққа екі көрінбейтін бекіткішпен бекітілген. Тігістер мен жапсар тігістер біркелкі, бос орындар мен тесіктер болмауы керек. жиектері, біреуі - жоғарғы жиегінен 5,0 см және алдыңғы жиегінен 3,0 см қашықтықта.

Б түрі. Жылы астардың бойлығы биіктігі бойынша параллель тігістермен, олардың арасындағы қашықтық 2,0-2,5 см.

Жылы астар сегментінің ұштары ені 0,2-0,3 см тігіспен жалғанған. Қосалқы бөліктер қалпақпен ені 0,5-0,6 см болатын тігіспен жалғануы керек.

Желкеліктің ортаңғы жапсар тігісі қалпақтың орталық тігісімен үйлестірілген.

Күнқағар құлаққаптарға төменгі жағынан биіктігі 0,8-1,0 см қыстырғыштармен қосылған.

Күнқағар қалпаққа екі көрінбейтін бекіткішпен бекітілген. Жапсар тігістер мен сырма тігістер біркелкі болуы керек, бос орындар мен саңылаулар болмауы керек. Түймелер құлаққапқа тігілген:

оң жақ құлаққапта: біреуі - алдыңғы жиегінен 1,8 см және қақпақпен қосылу тігісінен 2,5 см қашықтықта, тағы біреуі - алдыңғы жиегінен 5,2 см және алдыңғы жиегінен 2,0 см қашықтықта, екеуі - құлаққаптың ортасында 13,0 және 19,0 см қашықтықта;

сол жақ құлаққапта: біреуі - алдыңғы жиегінен 1,8 см және қақпақпен қосылу тігісінен 2,5 см қашықтықта, тағы біреуі - алдыңғы жиегінен 8,2 см және алдыңғы жиегінен 2,0 см қашықтықта, тағы біреуі - қалпақпен қосылу тігісінен 13,4 см және алдыңғы жиегінен 8,8 см қашықтықта, тағы біреуі - 8,0 жоғарғы жиегінен см және алдыңғы жиегінен 3,0 см.

1.7.2. ДАЙЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.

Ерлерге арналған тері бөрік осы стандарттың талаптарына, бұйымға арналған техникалық құжаттамаға сәйкес, стандартты қабылдаған мемлекеттің аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық актілердің талаптары сақтала отырып дайындалады.

Бас киімдерді дайындау үшін қолданылатын материалдардың ассортименті (негізгі, астарлы, әрлеу, фурнитура және т.б.) модельдің техникалық сипаттамасында және конфекциялық картада көрсетілген. Материалдардың сапасы осы материалдарға арналған техникалық құжаттамада көзделген талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- бас киімнің бөлшектерін пішу модельдің техникалық сипаттамасында көрсетілген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.
- жасанды былғарыдан, иленген материалдардан, сондай-ақ жабыны бар материалдардан жасалған бас киімдерде негізгі материалда ауа алмасуға арналған саңылаулар болуы тиіс.
- киізден жасалған тегіс жүннен және мамықтан жасалған қалпақшалардан жасалған бас киімдерде қадалар бастың ортасына бүкіл беті бойынша салынып, түкті қалпақшалардан

тігілуі тиіс - бір бағытта төселуі немесе модельге байланысты бетіне перпендикуляр көтерілуі тиіс.

- бас киімдер модельге байланысты үлгіге - эталонға және модельдің техникалық сипаттамасына сәйкес астармен, маңдайша қаңқасымен, астармен және маңдайша қаңқасымен/жартылай маңдайша қаңқасымен немесе онсыз дайындалуы мүмкін.
- астар үшін жібек және мақта ассортиментіндегі маталар, тоқыма маталар, жасанды жүн қолданылады; маңдайша қаңқасы үшін - жібек, мақта ассортиментіндегі маталар, өрім, таспа, табиғи немесе жасанды былғары, егер модельдің техникалық сипаттамасында басқа материалдар көзделмесе.
- қаптаманың түсі бас киіммен бірге жоғарғы матаның түсіне сәйкес келуі керек.
- астар мен маңдайша қаңқасы бас киімге бүктемелерсіз және қисайтпай қосылуы керек. Маңдайша қаңқасының ұштары бекітіліп, бас киімнің желке бөлігінде орналасуы керек.
- астар мен маңдайша қаңқасын өнімге бекіту модельдің техникалық сипаттамасына сәйкес жүргізіледі

.

- фурнитураны, әрлеуді қолдану, оларды бекіту әдістері үлгі-эталонға және модельдің техникалық сипаттамасына сәйкес айқындалады.
- тігістердің жиілігі, жіптердің түрлері мен нөмірлері (сызықтық тығыздығы), тігістердің ұштарын бекіту мынадай толықтырулармен нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келуі тиіс:

- әрлеу бөлшектерінің ұштарын, түйіндерді, ұштарды және т.б. безендіру арқылы тігістердің ұштарын бекіту әдістеріне рұқсат етіледі;

- қысымдау әдісімен құлаққап қақпағын жасау кезінде машиналық тігістердің жиілігі 10 мм тігіске 2,5-тен 3,0 тігіске дейін болуы керек.

Дайын тері бөрікте мыналарға жол беріледі:

- астар қаңқасы, екі тең бөліктен тұратын немесе бір қондырмасы бар маңдайша қаңқасы;

- түктер бағытын сақтай отырып, екі бөліктен жасанды теріден жасалған бөлшектердің бірін жасау;

- орталық тігісті сырып тігу кезінде үстіңгі сыналардың тігістерінің ығысуы 0,2 см-ден аспайды, астарды сырып тігу кезінде - 0,2-0,3 см.

Тері бөрікті өңдеу әдістері белгіленген тәртіппен бекітілген техникалық құжаттамаға сәйкес белгіленеді. Бұйымдарды өндіру ерекшеліктері модельдің техникалық сипаттамасында белгіленеді.

Пішінді сақтау үшін, егер бұл модельдің техникалық сипаттамасында көзделсе, дайын бас киімдерге картоннан немесе қағаздан жасалған жолақ салынады.

Ерлерге арналған тері бөріктердің бөліктерінің түйіспе тігістері арқаулы жіптермен тігілуі тиіс. Тігістерге, сырма тігістерге және жапсар тігістерге қойылатын талаптар - МЕМСТ 29122.

1-сурет А түрі.



2-сурет А түрі.

3-сурет Б түрі.



4-сурет Б түрі



5-сурет.

Эталон үлгісін өндіру үшін тері бөріктің өлшеу мәндері.

Эталон үлгінің өлшемі: модельді әзірлеу кезінде ерлер бас киімінің үлгілік өлшемі – 58-өлшем болып қабылданды.

Эталон үлгісін өндіру үшін ерлерге арналған тері бөріктің өлшеу мәндері.

Сызбадағы өлшеу нөмірі	Өлшем атауы	Түрі	Өлшемі					Рұқсат етілетін ауытқу
			54	56	58	60	62	
-	Ішкі шеңбер ұзындығы	А :	55,0	57,0	59,0	61,0	63,0	+1,0
1	Қалпақ сынасының ұзындығы	А, Б	17,8	18,2	18,6	19,0	19,4	±0,3
2	Күнқағар биіктігі	А :	8,8	9,0	9,2	9,4	9,6	±0,2
		Б	8,4	8,6	8,8	9,0	9,2	±0,2
3	Күнқағардың ортаңғы ұзындығы	А :	18,0	18,6	19,2	19,8	20,4	±0,2
		Б	17,3	17,9	18,5	19,1	19,7	±0,2
4	Құлаққаптың жапсар тігісі қашықтығындағы ені:							
	8 см	А :	10,5	10,7	10,9	11,1	11,3	±0,2
	11 см	Б	9,0	9,2	9,4	9,6	9,8	±0,2
5	Құлаққаптың биіктігі	А :	25,3	25,8	26,3	26,8	27,3	±0,5
		Б	18,0	18,5	19,0	19,5	20,0	±0,5
6	Желкеліктің биіктігі	А :	8,7	8,9	9,1	9,3	9,5	±0,2
		Б	8,2	8,4	8,6	8,8	9,0	±0,2
7	Байлам ұзындығы	А, Б	15,0	15,0	15,0	15,0	15,0	±1,0
8	Бүйірлік ілмектің ұзындығы	Б	6,0	6,0	6,0	6,0	6,0	±0,5

9	Орталық ілмектің ұзындығы	Б	20,0	20,0	20,0	20,0	20,0	±1,0
10	Құлаққаптың жоғарғы жиегінен бүйірлік ілмекке дейінгі қашықтық	Б	4,0	4,0	4,0	4,0	4,0	±0,2
11	Құлаққаптың жоғарғы жиегінен орталық ілмекке дейінгі қашықтық	Б	14,0	14,0	14,0	14,0	14,0	±0,5
-	Жылытқыш төсем шеңберінің диаметрі	А :	16,3	16,9	17,5	18,1	18,7	±0,5

Тері бөріктердің жылытқыш астары бөлшектерінің өлшемдері, см

Өлшем атауы	Өлшемі				
	54	56	58	60	62
Астар бойлығының ұзындығы	61,0	63,0	65,0	67,0	69,0
Астар бойлығының ені	10,6	10,8	11,0	11,2	11,4
Астар диаметрі	18,2	18,8	19,4	20,0	20,6
Жылытқыш төсем мен серпімді төсемнің ұзындығы	64,0	66,0	68,0	70,0	72,0
Жылытқыш төсем мен серпімді төсемнің ені	13,6	13,8	14,0	14,2	14,4
Жылытқыш төсем мен серпімді төсем шеңберінің диаметрі	20,9	21,5	22,1	22,7	23,3

Шикізатқа, материалдарға және сатып алынған өнімдерге қойылатын талаптар.
Физика-механикалық көрсеткіштер.

р/с №	Материалдардың атауы	Ауытқу нормасы	Нормативтік-техникалық құжаттама (НТҚ)	Материалдардың арналуы

1.	Үстіңгі мата: А ТҮРІ ПЭ - 100% Оксфорд көк түсті, әрлеу түрі: желге төзімді, су өткізбейтін Б түрі құрамында кемінде 50% мақта бар мақта полиэфирлі, антистатикалық жіп	+/- 5 %	МЕМСТ 28486-90 Синтетикалық жіптерден жадағай және күрте тігу маталары. Жалпы техникалық шарттар (N 1, 2 өзгерістерімен)	үстіңгі бөліктерді дайындауға арналған материал
2.	Терісі жасанды мутон көк түсті Полиэстер - 100% Тығыздығы, кемінде: 600 г/м^2.	+/- 5 %	МЕМСТ 28554-90 Тоқыма мата. Жалпы техникалық талаптар (түзетілген) МЕМСТ 29122-91 Тігістерге, сырма тігістерге және жапсар тігістерге қойылатын талаптар; МЕМСТ 23948-80 Қабылдау ережелері; МЕМСТ 4103-82 Сапаны бақылау әдістері; МЕМСТ 10581-91 Таңбалау, тасымалдау, орау және сақтау; КО ТР 019/2011. Жеке қорғаныш құралдарының кедендік техникалық регламент қауіпсіздігі туралы Кеден одағының техникалық регламенті (2019 жылғы 28 мамырдағы өзгерістермен) МЕМСТ 10325-2014 Тері бас киімдер. ЖТШ. МЕМСТ 32118-2013 Бас киімдер. Жалпы техникалық шарттар.	
3.	Жылытқыш Состав сырья: ПЭ - 100% Тығыздығы, кемінде: 150 г/м^2.	+/- 5%.		Жылытқыш материалы
4.	Флис. Шикізат құрамы: полиэфир - 100% Тығыздығы, кемінде: 220 г/м ^{2}.	+/- 5 %		Астар материалы
5.	Ызба ені 10-14 мм арт. 886 сұр түсті			құлаққапты байлау үшін
6.	5 мм серпімді бау			бас айналымын реттеу үшін
7.	Екі тесікті пластик ұстағыш			бас айналымын реттеу үшін
8.	Арқаулы көк түсті жіптер N 44лх-1			құлақшын дайындау үшін
9.	Басқа материалдар мен сатып алынған өнімдер:		МЕМСТ 29122-91 Жеке қорғаныш құралдары. Тігістерге, сырма тігістерге	

	түймелер, жіптер және т.б. Пластик түймелер , d 18-20 Тігін жіптері		және жапсар тігістерге қойылатын талаптар. МЕМСТ 12.4.115-82 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі (ЕҚСЖ). Жұмыс істейтін адамдардың жеке қорғаныш құралдары. Таңбалауға қойылатын жалпы талаптар (N 1, 2 өзгерістерімен). МЕМСТ 12.4.011-89 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмыс істеушілердің қорғаныш құралдары. Жалпы талаптар және жіктеу. МЕМСТ 29150-91 «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарына арналған фурнитура. Бақылау әдістері». МЕМСТ 6309-93 «Мақта және синтетикалық тігін жіптері». ҚР СТ 3113-2017 «Арнайы және нысанды киімге арналған пластмасса фурнитура. Техникалық шарттар»	
Ескертпелер: Беттік тығыздығы бойынша, шикізат құрамы бойынша рұқсат етілген ауытқулар ±5% *Астардың, жіптердің, фурнитураның түсі негізгі материалдың түсімен үйлесуі керек.* *Негізгі бөліктердің ұзындығы, өлшемі және егжей-тегжейі Тапсырыс берушімен келісіледі.*				

1.7.3. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ.

1. Тері бөрік, ерлерге арналған.
2. Тері бөріктің өндіруші кәсіпорындарда жиынтықталады.

1.7.4. ТАҢБАЛАНУЫ. ҚАПТАЛУЫ.

Әрбір тері бөріктің затбелгісі болуы керек, ол бұйымның өзіне немесе алып тастау қиын болатын затбелгіге салынады.

Ақпарат кез келген бедерлеу тәсілімен (оның ішінде бедерлеу, жібекбаспа, нақыштау, құю, қалыптау) не тікелей бұйымның өзіне немесе бұйымға бекітілген алып тастау қиын болатын затбелгіге өшпейтін бояумен жазылуы тиіс.

Ақпаратты пиктограмма түріндегі қолдануға жол беріледі, ол бұйымның қауіптілік көрсеткіштері немесе қолданылу саласы ретінде пайдаланыла алады. Ақпарат оңай оқылатын болуы тиіс, бұйымды сақтау, тасымалдау, өткізу және пайдалану кезінде сақтау мерзімі, қызмет ету мерзімі және (немесе) кепілдік мерзімі ішінде өшпестей төзімді болуы тиіс.

Таңбалануы түсінікті, оқуға оңай және қаптамасын шешпей-ақ тексеруге болатындай бұйымның (жапсырмасының) бетіне салынуы тиіс.

Қорғаныш қасиеттерін белгілеу - МЕМСТ 12.4.103 бойынша. МЕМСТ EN 340 бойынша қорғаныш қасиеттерін қорғау класын көрсете отырып белгілеуге жол беріледі.

Тапсырысшыға тапсырған кезде міндетті түрде тауарға мынадай таңбалауды ұсынуға тиіс:

1. Матаның құрамы, дайындаушы зауыттың атауы мен мекенжайы, бұйымның атауы, өлшемі, стандарттың нөмірі, жасалған күні, ТББ белгісі және осы бұйымды күтіп-баптау жөніндегі таңбалар көрсетілген тігу жапсырмасы –тері бөріктің желке бөлігінің астарында.

2. Дайындаушы зауыттың логотипі мен атауы, мекен-жайы, бұйымның атауы, стандарттың нөмірі, өлшемі, матаның артикуласы, моделі, шығарылған күні көрсетілген дайындаушы зауыттың ілмекті қағаз жапсырма, сондай-ақ өндірушіні және шығарылған жылын көрсете отырып, жеткізушінің ТББ бақылаушысының (техникалық бақылау бөлімі) белгісі. Затбелгі (затбелгі) өңір тұсында желке бөлігінде немесе бастың жиегінде құлақшынның желке бөлігінде бекітіледі. Таңба астардың өзіне немесе маңдайшасына салынады.

Жеке қаптаманың болуы – міндетті. Қаптама МЕМСТ 10581 сәйкес (бас киім бөлігінде).

Тері бөріктің орамасы тасымалдау және сақтау кезінде тауардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Әр қаптаманың алдыңғы жағында оралған бұйымдардың саны мен өлшемі көрсетілген орау жапсырмасы немесе орау парағы болуы тиіс.

1.7.5. ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.

Қалпақ қауіпті немесе зиянды факторларды туындату көзі және пайдалану кезінде жазатайым оқиғалардың себебі болмауы керек.

Бас киім дайындауға арналған материалдар, жиынтықтаушы бұйымдар мен фурнитура санитариялық-химиялық, органолептикалық және токсикологиялық-гигиеналық көрсеткіштердің белгіленген нормативтеріне сәйкес келуге тиіс.

Бөрікті кәдеге жарату тәсілдері қоршаған ортаға зиян келтірмеуі керек және оларды өндіруші айқындауы тиіс.

1.7.6. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР.

СТ РК ISO 14001-2016 «Экологиялық менеджмент жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық».

Осы стандарт ұйым өз қызметінің экологиялық нәтижелерін жақсарту үшін қолдана алатын экологиялық менеджмент жүйесіне қойылатын талаптарды белгілейді. Бұл стандарт экология саласындағы жауапкершілігін жүйелі негізде басқаруға ұмтылатын ұйымның пайдалануына арналған.

1.7.7. БАҚЫЛАУ ӘДІСТЕРІ.

Бұйымдарды қабылдау – МЕМСТ 4103-82 «Тігін бұйымдары. Сапаны бақылау әдістері (№1 өзгеріспен)».

Дайын бұйымның сызықтық өлшемдерін бақылау құралдары: МЕМСТ 7502-98 «Металдан жасалған өлшеу рулеткалары. Техникалық шарттар».

1.7.8. ӨНДІРУШІНІҢ КЕПІЛДІГІ.

Тұтынушы тасымалдау, сақтау талаптары мен пайдалану жөніндегі нұсқауларды сақтаған кезде жүн қалпаққа мынадай кепілдік мерзімі белгіленеді:

7.1) пайдалану – белгіленген тәртіппен бекітілген салалық нормаларға сәйкес;

7.1) сақтау - өндірушінің техникалық құжаттамасында белгіленген нормативтерге сәйкес.

1.7.9. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР.

1. МЕМСТ 1076-86 Жасанды теріден дайындалған бас киімдер. ЖТШ.
2. МЕМСТ 32118-2013 Бас киімдер. Жалпы техникалық шарттар МЕМСТ 12.4.031 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жеке қорғаныш құралдары. Сұрыптылық айқындау.

МЕМСТ EN 340 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Арнайы қорғаныш киімдері. Жалпы техникалық талаптар.

3. МЕМСТ ISO 3758 Текстиль бұйымдары. Күтім бойынша символдармен таңбалау.
4. МЕМСТ 4103 Тігін бұйымдары. Сапаны бақылау әдістері.
5. МЕМСТ 10581 Тігін бұйымдары. Таңбалау, орау, тасымалдау және сақтау.
6. МЕМСТ 11209 Арнайы киімге арналған маталар. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдісі.
7. МЕМСТ 12807 Тігін бұйымдары. Тігістердің, сырма тігістердің және жапсар тігістердің жіктелуі.
8. МЕМСТ 20272 Химиялық жіптер мен иірілген жіптерден жасалған маталар. Жалпы техникалық шарттар.
9. МЕМСТ 20489 Киім тігу материалдары. Жиынтық жылу кедергісін айқындау әдісі.
10. МЕМСТ 20521 Тігін өндірісі технологиясы. Терминдер мен анықтамалар.
11. МЕМСТ 21050 Арнайы киімге арналған маталар. Құрғақ химиялық тазалауға төзімділігін айқындау әдісі.
12. МЕМСТ 22977 Тігін бұйымдарының бөліктері. Терминдер мен анықтамалар
13. МЕМСТ 23948 Тігін бұйымдары. Қабылдау ережесі.
14. МЕМСТ 29122 Жеке қорғаныш құралдары. Тігістерге, сырма тігістерге және жапсар тігістерге қойылатын талаптар.
15. МЕМСТ 31399 Киім жобалау үшін бойлары, өлшемдері және толықтық топтары бойынша ерлердің типтік фигураларының жіктелуі.
16. МЕМСТ 31400 Аса үлкен өлшемдегі ерлердің типтік фигураларының жіктелуі.

МЕМСТ 15.007 - 88 Бұйымды әзірлеу және өндіріске қою жүйесі. Жеңіл өнеркәсіп өнімдері. Негізгі ережелер.

1.8. БАЛАКЛАВА МАСКАСЫ

Модель атауы: Каска астына киюге арналған балаклава маскасы.

Арналуы: балаклава маскасы киімнің бірінші қабатына жатады: З –жалпы өндірістік ластанудан, Ми – қажалудан, Тн – төмен ауа температураларынан.

Өндірістік ортаның бірнеше зиянды және қауіпті факторларының бір мезгілде әсер ету жағдайында маусымдық пайдалан мен қолдануға арналған, барлық мәлімделген зиянды (қауіпті) өндірістік факторлардан тиімді қорғанышты қамтамасыз етуге тиіс. Балаклава маскасы арналуы бойынша қорғаныш қасиеттеріне қарай мынадай кіші топтарға бөлінуі мүмкін:

- Жалпы өндірістік ластанудан (З), соның ішінде санитарлық және жеңіл ластанулардан (Зо) қорғайтын балаклава маскасы;
- Қозғалмалы механизм бөліктерінің ұстап қалу механикалық әсерінен қорғайтын балаклава маскасы; (Мд);
- Механикалық қажалу әсерінен қорғайтын балаклава маскасы (Ми);
- Тесілу мен кесілудің механикалық әсерінен қорғайтын балаклава маскасы; (Мп).

1.8.1. ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

Негізгі параметрлері мен сипаттамалары.

Балаклава маскасының дайындалатын түрлері - МЕМСТ 33378-2015 Тоқыма бас киімдер. Жалпы техникалық шарттар.

Балаклава маскасы МЕМСТ бойынша жіктемелерге сәйкес ерлердің типтік фигураларына дайындалады:

- МЕМСТ 31399-2009 Киім жобалау үшін бойлары, өлшемдері және толықтық топтары бойынша ерлердің типтік фигураларының жіктелуі.

1-кесте

Ерлер балаклава маскасының үлгілік бас киімдерінің өлшемдері

Бас киімдер	Өлшемдері
Ерлер	54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61,62,63,64
Ескертпе: *1. 1-кестеде көзделмеген бастың айналымы бойынша стандартты емес өлшемдегі бас киімдер тұтынушының келісімі бойынша дайындалады.* *2. Өлшемді реттейтін бөліктері бар бас киімдерді дайындауға рұқсат етіледі.*	

Балаклава маскасының өлшемі адамның басының айналымына сәйкес келетін ішкі шеңбердің сантиметрімен айқындалады.

Бастың айналымы шүйденің ең шығыңқы нүктесі мен маңдайдың ортасы арқылы өлшенеді. Таспа алдыңғы жағынан тұйықталуы керек.

Өлшемдердің пайыздық арақатынасы тапсырыстар кезінде айқындалады және оны тұтынушы (сауда ұйымы) өндірушімен келісе отырып өзгерте алады.

Бұйым өлшемдерінің абсолютті мәндері модельдің техникалық сипаттамасында көрсетілуі керек.

Балаклава маскасының сызықтық өлшемдерінің номиналды мәндерінен шекті ауытқулар мынадай болуы керек:

р/с №	Өлшеу орындарының атауы	Бұйымдар үшін рұқсат етілген ауытқу	
		түкті материалдардан басқа барлық материалдардан жасалғандар	түкті материалдардан және қалыпталып жасалғандар
1	Ішкі шеңбер ұзындығы	±0,5	±0,5
2	Түбінің ұзындығы	±0,3	±0,6
3	Түбінің ені	±0,3	±0,6
4	Қабырға биіктігі	±0,2	±0,5
5	Жұмсақ дулыға ұзындығы	±0,3	±0,5

Балаклава маскасының өлшемі адамның басының өлшеміне сәйкес келуі керек.

Эргономиялық талаптар.

Дайын балаклава маскасының сыртқы түрі, өлшемі және дайындалу сапасы бойынша осы стандарттың талаптарына, модельдің техникалық сипаттамасына және МЕМСТ 15.007 "Өнімді әзірлеу және өндіріске қою жүйесі. Жеңіл өнеркәсіп өнімдері" бойынша бекітілген үлгі-эталонға сәйкес келуі тиіс.

Негізгі ережелер:

- балаклава маскасын қолдану ыңғайлылығы;
- бөліктер мен тораптардың функционалдық орналасуы;
- метеорологиялық жағдайлар немесе дене белсенділігі деңгейі өзгерген кезде қоршаған ортамен жылу алмасуды реттеу мүмкіндігі;
- құлақшын мен оның бөліктерінің пропорционалдығы.

Балаклава маскасын түрлі модельдер мен конструкцияларда дайындайды: бүйірлерінде жырықтарымен, пелеринасымен, көз бен ауыз ашық қалатын, тек көздер ашық қалатын.

Балаклава маскасы бөлек, сондай-ақ тиісті НҚ талаптарына сәйкес дайындалған басқа да бұйымдармен бірге шығарылады.

Тоқыма жұмсақ дулыға сызбаларының негізін құруға арналған құрылымдық қосымдар.

2-кесте

Балаклава маскасының ілмектер санына арналған құрылымдық есептеу, см

р/с №	Тігістің еніне қосымша $К_1$	Материалдың қалыңдығына қосымша $К_2$	Терінің қалыңдығына қосымша $К_6$	Сәндік-құрылымдық қосым $К_7$	Механикалық немесе ылғалды-жылумен өңдеу кезінде ширатуға қосымша
1	0,5	1,0	0,8	1,0	0,6

Сыртқы түрі.

БАЛАКЛАВА МАСКАСЫ.

А түрі. Қысқы балаклава маскасы флистен дайындалған, Ш(У) түрі +40°С. Балаклава тұтас пішілген алдыңғы және желке бөлігінен тұрады, жоғарғы жағы дөңгелек пішінді. Бет саңылауы дөңгелек, балаклаваның алдыңғы жағының ортасында орналасқан. Төмен

температуралар мен механикалық кернеулерден қорғауға арналған. Балаклава қорғаныш каскасының астында немесе онсыз қолданылады.

Б түрі. Тоқыма 100%. Маска бет пен желке бөлігінің бір бөлігінен тұрады, жоғарғы жағында дөңгелек пішінді. Тігістер тегіс, қолдануға ыңғайлы және тығыз анатомиялық орналасуды қамтамасыз етеді. Ол электр доғасынан қорғау үшін жазғы костюмдермен бірге қолданылады. Каска астына киіледі. Көз және ауыз аймағындағы бетке арналған саңылау

В түрі. Жылу маскасы тыныс алу органдарын суық ауаның қолайсыз әсерінен және қоршаған ауаның температурасы -30°С дейін төмендеген жағдайда тыныс алу арқылы ағзаның жылу шығынын төмендетуден қорғауы керек;

Жоғары температурадан қорғайды, өрт кезінде күйіп қалудан қорғайды.

Отқа төзімді сіңдірілген тоқыма, мақта 100%.

Бет саңылауы бар балаклава, аузы жабық, басына тығыз жанасады.

Жұмсақ дулыға өлшемі – 58

Жұмсақ дулығаның ұзындығы – 45,0 см.

1.8.2. ДАЙЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.

Балаклава маскасы дулыға осы стандарттың талаптарына, бұйымға арналған техникалық құжаттамаға сәйкес, стандартты қабылдаған мемлекеттің аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық актілердің талаптары сақтаЛА отырып дайындалады.

Бас киімнің өлшемі адамның басының айналымына сәйкес келетін ішкі шеңбердің ұзындығымен сантиметрмен айқындалады. Бастың айналымы шүйденің ең шығыңқы нүктесі мен маңдайдың ортасы арқылы өлшенеді. Өлшеу таспасын алдыңғы жағынан тұйықтау керек.

Белгіленген сызықтық өлшемдерден рұқсат етілген ауытқулар мыналардан аспауы тиіс:

- ұзындығы бойынша - ±2,0 см;
- ені бойынша - ±1,0 см.

Балаклава маскасының өлшеу мәндері модельге арналған техникалық сипаттамада көрсетілуі керек.

Балаклава маскасының түйіспе тігістері тігістерге, сырма тігістерге және жапсар тігістерге қойылатын талаптар бойынша тігілуі тиіс - МЕМСТ 29122.

1-сурет А түрі.

Флистен жасалған балаклава маскасы



2-сурет А түрі.

Флистен жасалған балаклава маскасы

3-сурет Б түрі.

Тығыз тоқылған балаклава маскасы



4-сурет Б түрі

Тығыз тоқылған балаклава маскасы

5-сурет В түрі

Жіңішке тоқыма матадан дайындалған балаклава маскасы



6-сурет В түрі

Жіңішке тоқыма матадан дайындалған балаклава маскасы

Эталон үлгісін өндіру үшін балаклава маскасының өлшеу мәндері.

Эталон үлгінің өлшемі: модельді әзірлеу кезінде ерлер бас киімінің үлгілік өлшемі – 58-өлшем болып қабылданды.

3-кесте

Эталон үлгісін өндіру үшін балаклава маскасының өлшеу мәндері.

Сызбадағы өлшеу нөмірі	Өлшем атауы	Өлшемі					Рұқсат етілетін ауытқу
		54	56	58	60	62	
1.	Ішкі шеңбер ұзындығы	55,0	57,0	59,0	61,0	63,0	+1,0
2.	Жұмсақ дулыға ұзындығы	40,8	41,4	42,0	42,6	43,2	±0,3

Шикізатқа, материалдарға және сатып алынған өнімдерге қойылатын талаптар.

Физика-механикалық көрсеткіштер.

р/с №	Материалдар құжаттамасының атауы (МҚА)	Ауытқу нормасы	Нормативтік техникалық	Материалдардың арналуы
